



21 қазан, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

АЛТЫН ДӘН – 2023



ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ ЕСЕЛЕНЕ БЕРЕДІ

Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық-драма театрында дәстүрлі «Алтын дән» салтанатты шарасы өтті. Облыстың 85 жылдық мерейтойына тұспа-тұс келген мерекеде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев дала еңбеккерлерін марапаттап, олардың еселі еңбегін атап өтті. Сыр өңірінің қамбасын малайтып, уақытпен санаспай жұмыс істеген барша азаматтың адал ісін жоғары бағалап, лебізін жеткізді.

Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНИНЕН ПАЙДА КӨП

Салтанатты шарада ең әуелі облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ала жаздай еңбектеніп, қамбаны күрішке толтырған шаруалардың адал еңбегін жоғары бағалайтынын айтты.

– Алты Алашқа ана болған Сыр

өңірінің облыс болып құрылғанына биыл 85 жыл. Қызылордалықтар бұл мерейтойға үлкен табыспен жетті. Жақында облысқа іссапармен келген Мемлекет басшысы аймақтың дамуына жоғары баға берді. Қасым-

2-бет

ҮКІМЕТ

ИНВЕСТИЦИЯ: ӨҢІР ҮЗДІКТЕР САПЫНДА

Кеше ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен республикалық штаб отырысында өңдеу өнеркәсібіне инвестиция тарту мәселесі таразыланды. Үкімет басшысының айтуынша, инвестиция тарту бойынша көрсеткіші жоғары өңірлер қатарында Қызылорда облысы бар.

– Инвестиция көлемі өсіп, нәтижелі жобалардың тиімділігін көрген өңірлер бар. Мәселен, олардың қатарында Түркістан, Жетісу, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан және тағы басқа аймақтар бар, – деді Премьер-министр.

Штаб отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, өңірге инвестиция тартудың маңыздылығын атап өтті.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында мықты өнеркәсіптік негіз қалыптастыру, экономиканы өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету үшін өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беру қажеттігіне назар аударған еді. Өнеркәсіп көлеміндегі өңдеу өнеркәсібінің үлесін арттыру маңызды. Бұл үшін өнім өндуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруымыз керек. Жаңа жобалар іздестіріп, инвестиция тарту бағытындағы жұмыстарды күшейтіп, тиісті шараларды ұйымдастыру қажет, – деді аймақ басшысы.

Мәжілісте облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп, өңдеу өнеркәсібіне бағытталған нақты жобаларды әзірлеу тапсырылды. Қызылорда облысының даму орталығы, «ҚазақИнвест» акционерлік қоғамы Қызылорда облысы бойынша өңірлік директорына облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен бірлесіп, өңдеу өнеркәсібі бойынша әзірленген жобаларға инвестор тарту жұмыстарын үйлестіру міндеті жүктелді.

– Жылдың аяқталуына екі айдаң астам уақыт қалды. Сондықтан барлық көрсеткішімізді қарап, олардың толықтай орындалуына назар аударғанымыз дұрыс. Қазірге дейінгі көрсеткіштеріміз жаман емес. Республикада алғашқы үштікте келе жатырмыз. Сол қарқынды сақтап, алдағы уақытта да нәтижелі жұмыс атқаруымыз тиіс, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аталған жұмыстар облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязовтың бақылауында болады.

«СБ» ақпарат

МӘДЕНИЕТ

ҚАРАУЫЛТӨБЕДЕ ЖАҢА КЛУБ АШЫЛДЫ



Қызылорда облысының 85 жылдығы мен Қала күні аясында Қарауылтөбе ауылдық округінде 150 орындық клуб пайдалануға берілді. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жерлестерін жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, ізгі тілек білдірді.

2-бет

ҚАЛА КҮНІ

ШАТТЫҚ ШУАҒЫНА БӨЛЕНГЕН ШАҒАР

Қызылорда облысының 85 жылдығы және Қала күніне орай Ф.Мұратбаев атындағы орталық стадионда гала-концерт өтті. Мерекелік шараға жиылған қала тұрғындарын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құттықтады. Аймақ басшысы Сыр елінде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға, аймақ жетістіктеріне тоқталды.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

– Қазір Қызылорда құрылыс жұмыстары қайнаған қалаға айналды. Мерейтой аясында аймағымыздың бас шаһарында тұрғындардың көз қуанышына айналып үлгерген бірнеше ірі жоба жүзеге асты. Қаламызға сәулетімен ерекшеленген әсем ғимараттар, көзартар көркем аллеялар тарту етілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы биыл маусымда Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда «Қалалар мен ауылдардың сәулетті, саябақтар мен ауланың таза болуы, ең алдымен, басқа біреуге емес, өзімізге керек. Жұрттың бәрі өз үйінің жайлы әрі әдемі болғанын қалайды. Бұл – дұрыс. Азаматтарымыз қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға да дәл сондай жанашыр көзбен қарауға тиіс. Қазақстан – бәрімізге ортақ, оның қандай болатыны тек бізге байланысты, яғни, біз іші де, сырты да бүтін ел болуымыз керек» деген еді. Қала – өз үйіміз. Оған қамқорлықпен қарап, жанашырлық таныту – әрбіріміздің азаматтық борышымыз, – деді аймақ басшысы.

Концертте саналы ғұмырын Қызылорданың өсіп-өркендеуіне арнап, кейінгі буынға лайықты



үлгі-өнеге болған азаматтар марапатталды. Атап айтқанда, қоғам қайраткері Жарылқасын Шәріпов, Қызылорда облысының құрметті азаматы Алмагүл Божанова, Жалағаш және Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы Нұрлыбек Жолдасбаев және «Дәнекер құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің дирек-

торы Әбдімәжит Жансақаловқа ҚР Премьер-министрінің алғыс хаты берілді. Сондай-ақ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қаржы саласының ардагері Қалқазбек Әжібековке Қызылорда облысының құрметті азаматы атағы табысталды.

8-бет

85 ЖІЛ
QYZYLORDA
OBLYSYNA

Сырдария ауданы

СЫРДАРИЯ: КҮРІШТЕН ҰРЫС ЖИҒАН ЖЕРҰЙЫҚ

Тағы да бір сапардың басы. Бұл жолы – Сырдария ауданы. Облыс орталығымен іргелес жатқан іргелі аудан. Халқы жөнінен өзгеден аз болғанымен, елі байсалды, жері бай, тірлігі тұзу ауданның бірі. Сыр күрішінің басым бөлігі осы ауданға тиесілі. Еңбексүйгіш елдің бір ерекшелігі осында. Күріштен ұрыс жиған көрсеткіші бар. Облыстың 85. ауданның 95 жылдығын сырдариялықтар серпінді еңбек әлеуетімен қарсы алуда. Ол жайында егжей-тегжейлі қозғаған ой-түйінді назарларыңызға ұсынамыз.

Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

4, 5-беттер

ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ ЕСЕЛЕНЕ БЕРЕДІ

Қазан айының ортасына тауу өңірге іссапармен келген Президент бірнеше жобаны мақұлдағанын да айта кеткен жөн, яғни, аймақ үшін жемісті болды. Мәселен, облыс әкімі Мемлекет басшысына «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 566 шақырымның І санаттағы 4 жолақты жолға ауыстыру жоспарланып отырғаны туралы мәлімет берді. Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі жол шын мәнінде өте тар екенін атап өтіп, оны кеңейту жұмыстарын тезірек бастау қажеттігін назар аударды. Үкіметке мәселені шешу үшін тез арада қаржы бөледі тапсырды. Жоба құны 1,1 трлн теңге болмақ. Бұған қоса, Президентке «Қызылорда-Жезқазған» автожолын салу барысы туралы баяндалған. Қазір Қызылорда облысының аумағына тиесілі 216 шақырым жолдың 104 шақырымы аяқталуда.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына облыс орталығын ыстық сумен қамту мәселесі

де жеткізілді. Өңір басшысы Қызылорда мен Көкшетау өңірінде ыстық су мәселесі шешілмегенін атап өтіп, онтайлы шешу керек екенін тоқталған. Бұл ретте Президент Үкіметке жалпы 23 млрд теңге, соның ішінде 11,5 млрд теңгені 2024 жылы, қалған 11,5 млрд теңгені 2025 жылы бөлу туралы нақты тапсырма берді.

Дикандардың даңқы биік

Салтанатты жиында Нұрлыбек Машбекұлы Премьер-министр Әлихан Смайыловтың Сыр дикандарына жолдаған арнайы құттықтау хатын оқып берді. Қазір аймақтың даму көрсеткіші мақтап айтуға тұрарлық. Облыста 9 айдың қорытындысымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 157 млрд теңгеге жетті. Ал жалпы ішкі өнімдегі осы саланың үлесі 6 пайызды құрады. Кейінгі 3 жылдың ішінде ауыл шаруашылығының негізгі қорына 32 млрд 700 млн теңге инвестиция салынды. Биыл жалпы құны 7,9 млрд теңгені

құрайтын 11 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланады. Жыл ішінде салаға 14,0 млрд теңге қаржылай қолдау жасалды. Оның 4 млрд 700 млн теңгесі егін шаруашылығын субсидиялауға бағытталды. Расын айтайық, биыл су тапшылығы қатты сезілген жыл болды. Соған қарамастан Сыр дикандары ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Егістік көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4 мың 800 гектарға ұлғайтылып, 193 мың 400 гектар жерге егін егілді. Оның ішінде күріштік алқап 89 мың 100 гектар. Күні кеше жиын-терім науқаны аяқталып, әр гектардан орта есеппен 56,5 центнерден өнім алынды. Қамбаға 503 мың тонна астық түсті.

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанда еңбек адамы ең бірінші орында тұрады. Себебі отаншылдық – ең алдымен туған елінің игілігіне қызмет ету» деген еді. Осы арада дәстүрлі мерекенің ең басты құрметі еңбек адамдарына көрсетілді. Күрішшілер, сушылар, қойшылар, механизаторлар, дикандар, мал-

шылар сахна төріне шығып, марапатқа ие болды.

Іс-шарада сала қызметкерлері Премьер-министрдің алғыс хатымен, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен, Құрмет грамотасымен марапатталды. Жыл қорытындысымен топ жарған озаттар түрлі номинация иеленді. Төрт түлік өсімін қамтамасыз еткені және өнім өндіруде жоғары жетістіктерге жеткені үшін Арал ауданы марапатталса, «Егін шаруашылығы» номинациясында Шиелі ауданы жеңімпаз атанды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы бойынша жоғары көрсеткішке Қазалы ауданы қол жеткізді. «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген үздік аудан» номинациясы бойынша Жаңақорған ауданы марапатталды. Бұдан соң мерекелік кеш концерттік бағдарламаға ұласты. Сахна жұлдыздары дала еңбеккерлерінің құрметіне әсем өн шырып, мерекені думана бөлді.

«АЛТЫН ДӘН – 2023»

МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің «Алғыс хатымен»

1. **Жақып Бегеш Бисенұлы** – Су шаруашылығы саласының ардагері.
2. **Төлепов Орынбасар Өтепұлы** – «Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, Қармақшы ауданы.
3. **Қуанышбек Нұрсұлтан Қуанышбекұлы** – «Ер Әлі» шаруа қожалығының күрішшісі, Жалағаш ауданы.
4. **Құбашев Айхожа Қамысбайұлы** – «Ерлан» шаруа қожалығының малазықтық дақылдарын өсірушісі, Жаңақорған ауданы.
5. **Бертайұлы Марал** – «Бертай» шаруа қожалығының шопаны, Қармақшы ауданы.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен

1. **Диханов Серік Нағашыбайұлы** – ауыл шаруашылығы саласының ардагері, Арал ауданы.
2. **Мықанов Қалықберді Құмабайұлы** – «Халық» шаруа қожалығының төрағасы, Шиелі ауданы.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен

1. **Саяғұлов Ерболат Тұяқұлы** – «Жақсылық» шаруа қожалығының төрағасы, Арал ауданы.
2. **Назымбеков Күнтілес Айдарбекұлы** – Қазалы ауданы әкімінің орынбасары.
3. **Саметов Балтабай Мақсатұлы** – «Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің гидротехнигі, Қармақшы ауданы.
4. **Жалғасов Шағдат Өптайұлы** – «Егінші» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, Жалағаш ауданы.
5. **Дәрібаев Алтынбек Тұрмағанбетұлы** – Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы.
6. **Болатов Алмат Қайратұлы** – «Ақжарма и К» фермерлік қожалығы төрағасының орынбасары, Сырдария ауданы.
7. **Шахизадаев Қуат** – «Аруана Агролидер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің технологі, Қызылорда қаласы.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Құрмет грамотасымен»

1. **Жарекеев Досжан Найзағұлұлы** – «Думан» шаруа қожалығының агрономы, Арал ауданы.
2. **Оспан Айбек Әбубәкірұлы** – «Рза-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бригадирі, Қазалы ауданы.
3. **Жаркындов Әскербек Әуезханұлы** – «Сәрке батыр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің күрішшісі, Жалағаш ауданы.
4. **Жарменов Асылбек Ойнарулы** – «Таң ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бригадирі, Жалағаш ауданы.

Агроөнеркәсіптік кешені бойынша үздік жетістіктерге жеткен озаттар

1. **«Озат агроном»** номинациясы бойынша Қазалы ауданы, «РЗА-Агро» серіктестігінің агрономы Сүлейев Амантай Кеңесбайұлы. Шаруашылық бойынша 4866 гектар жерге егілген ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық түрлерінен жоғары өнім жинауға қол жеткізген.
2. **«Озат сумаманы»** номинациясы бойынша «Жаңақорғансунар» өндірістік учаскесінің бөлім басшысы Бегемет Абдул-Аят Абдул-Әділұлы. Ауыл шаруашылығы дақылдарын суармалы сумен қамтамасыз етуде жоғары деңгейде жұмыс ұйымдастырды.
3. **«Озат теледидар тілшісі»** номинациясы бойынша «РТРК Қазақстан» АҚ облыстық филиалының сарапшы-редакторы Қозы Көрпеш Жасаралұлы. Ауыл еңбеккерлерінің тыныс-тіршілігін, игі істерін шеберлікпен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы қамтамасыз етуде белсенді атсалысты.
4. **«Озат газет тілшісі»** номинациясы бойынша «Сыр бойы» газетінің тілшісі Төлеуов Мадияр Жалғасұлы. Ол облыстың экономикалық және әлеуметтік даму мәселелерін жергілікті басшыларға жариялануына атсалысты.
5. **«Озат күріш өсіруші»** номинациясы бойынша Сырдария ауданы, «Шаған жер» серіктестігінің күрішшісі Бексейітов Уалихан Тойбазарұлы. Өзіне бекітілген 39 гектар күрішті агротехникалық талапқа сай күтіп-баптап, әр гектардан 88 центнерден өнім алуды қамтамасыз етті.
6. **«Озат жатқа машинисі»** номинациясы бойынша Қазалы ауданы, «Сыр Маржаны» серіктестігінің жатқа машинисі Сәрсенбай Омар. Науқан кезінде 1200 гектар күрішті жалағаш.
7. **«Озат комбайншы»** номинациясымен Шиелі ауданы, «Алтын дән Шиелі» ШҚ комбайнері Даткенов Құрманғали Әбдуәліұлы. Науқан кезінде 61 мың центнер астық бастыруды қамтамасыз еткен.
8. **«Озат бригадир»** номинациясымен Сырдария ауданы, «Мағжан и К» серіктестігінің егіс бригадирі Қыдырәлиев Қонысбек Төлепбергелұлы. Бригада ұжымы егілген 595 гектар Сыр маржанын агротехникалық шараларға сай күтіп-баптап, оның әр гектарынан 85,8 центнерден өнім жинаған.
9. **«Озат өңдеу кәсіпорны»** номинациясы бойынша Қызылорда қаласы, «Байдала» серіктестігі. Директоры – Байдалиев Қанат Жылқайдарұлы. Өңдеу кәсіпорны бойынша биылғы жылдың тоғыз айында 15 мың тонна күріш өңдеп, жоғары нәтижеге қол жеткізген.
10. **«Озат тұқым шаруашылығы»** номинациясы бойынша Жалағаш ауданы, «Ер Әлі» шаруа қожалығы. Төрағасы – Бекжанов Әліби Бақытбекұлы. Шаруа қожалық бойынша үстіміздегі жылы егілген 1366 гектар күріштің әр гектарынан 85,5 центнерден өнім алып, аймағымызда күріштің украиналық 3 сортын аудандастырып, облыстың күріш өндірісімен айналысатын шаруашылықтарды қажетті тұқыммен қамтамасыз етуде.
11. **«Озат егін шаруашылығы»** номинациясымен Қармақшы ауданы, «Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі марапатталады. Директоры – Төлепов Орынбасар Өтепұлы. Шаруашылық бойынша егілген 3100 гектар күріштен 21 700 тонна өнім жинап, орта өнімі әр гектарынан 70 центнерді құрады.

«Ауыл шаруашылығы саласында үздік жетістіктерге жеткен озат аудан» номинациясы

1. **Облыс көлемінде төрт түлік санының өсу динамикасын қалыптастырған және олардың өнімдерін өндіруде жоғары жетістіктерге жеткені үшін Арал ауданы. Аудан әкімі – Сермағамбетов Серік Сағитжанұлы.**
 2. **Егін шаруашылығы саласы бойынша өндірілген өнімнің 23,4 пайызы ауданның үлесінде және егістікті әртарапандыру бағытында, су үнемдеу технологияларын өндіріске енгізуді ұйымдастырып, жоғары өнімділікке қол жеткізгені үшін Шиелі ауданы. Аудан әкімінің міндетін атқарушы – Апетов Ерсултан Амантайұлы.**
 3. **Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген, облыс бойынша өңделген сүттің 95,4 пайызын, өңделген еттің 53 пайызын өңдегені үшін Қазалы ауданы. Аудан әкімі – Оразбаев Мұхтар Өуесұлы.**
 4. **«Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда биылғы жылы ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген – үздік аудан» номинациясы бойынша Жаңақорған ауданы. Аудан әкімі – Тлеуімбаев Мұрат Жолкелдіұлы.**
- Ауыл шаруашылығы саласының негізгі қорына инвестиция тартуда көш бастап, облыс бойынша 9 айдың қорытындысымен салаға тартылған инвестицияның үштен бір бөлігі немесе 32,3 пайызы осы ауданның еншісінде. Сонымен қатар, егісті әртарапандыру бағытында мал азығын, майлы дақылдар, жүгері, бау-бақша дақылдарының үлесін арттырудағы жоғары жетістіктерге жеткен.

МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ

ЖАҢА АВТОКӨЛІКТЕР ТАБЫСТАЛДЫ

Ветеринария саласының білікті мамандары мал дәрігерлерінің жалақысын көтеру, материалдық-техникалық базасын нығайту керектігі бұған дейін жиі көтерілетін. Осы бір өзекті мәселені шешуді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осыдан екі жыл бұрын өңір басшыларына тапсырған еді. Президент тапсырмасы өңірлерде ретімен орындалып жатыр. Кеше облыстың 85 жылдығы және «Алтын дән-2023» мерекесі аясында ветеринариялық ұйымдарға 30 қызметтік автокөлік, облыс шаруашылықтарында жоғары көрсеткішке қол жеткізген еңбек адамдарына демеуші кәсіпорындар тарапынан 17 автокөлік табысталды.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Салтанатты іс-шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиналғандарды айтулы мерекемен құттықтап, жүрекжарды лебізін білдірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында ветеринария саласын жетілдіруге аса үлкен мән берді. Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес. Бұл түптеп келгенде ауылдағы ағайынның әл-ауқатына және облыстың агроөнеркәсіп саласының дамуына әсер етеді. Бүгінде аса қауіпті 14 түрлі жұқпалы мал ауруына бөлінген ветеринариялық препараттар жеткі-

зіліп, бекітілген жоспарға сәйкес алдын ала егу жұмыстары жүргізілуде. Сапалы жұмыстардың нәтижесінде Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымы өңірімізге ауыл ауруынан таза аймақ мәртебесін берді. Эпизоотиялық ахуалды тұрақтандыру жолында аянбай еңбек ететін ветеринар мамандарға, ақ күріштен тау тұрғызыған еңбек озаттарына алғысымды білдіремін. Жаңа автокөліктер игіліктіңізге қызмет етсін, – деді аймақ басшысы.

Ветеринария саласындағы жұмыстарды ілгерілету үшін «Жол картасы» жасалды. Ал ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау мақсатында былтыр облыстық бюд-



жеттен 73 млн теңге, биыл 250 млн теңге бөлініп, автокөлік пен құрал-жабдықтар алынды.

– Биыл бөлінген қаржыға 30 автокөлік және 23 компьютер мен 23 термочемодан алынды. Салада жалпы 746 маман қызмет атқарады. Былтыр ҚР «Биологиялық қауіпсіздігі туралы» заңына сәйкес ветеринар мамандарға аянда жұмыс үшін жалақысына қосымша қаржы төленуі туралы ұсыныс берілді. Осыған байланысты биыл алғаш рет республикалық бюджеттен 635 ветеринарға 455,3 млн теңге қаржы бөлініп, жалақыларына 50% үстемалы қосылды, – деді облыстық ветеринария басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев.

Жер-ананы күтіп-баптаған адам қашан да мол табысқа кел-

неледі. Жаз бойы егін даласын дүбірге бөлеген дикан қауымы ел несібесін еселеуде аянбай еңбек етті. Ал осы салтанатты шарада олардың бірқатары көлік кілтін иеленді.

Айтпақшы, бүгінде барлық саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға басымдық берілуде. Қоғамдық көлік түйткілін шешу үшін 200 автобус, мектеп оқушыларын тасымалдауға 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 45 жедел жәрдем көлігі, орманшыларға 470 техника, құқық қорғау органдарына 92 қызметтік автокөлік алынды. «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсының жеңімпаздарына күнделікті тұрмысқа ең қажетті заманауи үлгідегі 14 арнайы техника берілді.

ҚАРАУЫЛТӨБЕДЕ ЖАҢА КЛУБ АШЫЛДЫ

Баршанызды көптен күткен қуаныш – жаңа клубтың ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Өздеріңіз де білесіздер, өткен ағидада облысымызға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев арнайы жұмыс сапарымен келіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң бағасын берді. Қызылорда қаласындағы «Анаға тағзым» орталығын аралап көріп, мұндай орталықтың жас ұрпаққа тәлім-

тәрбие берудегі маңызын атап айтты.

Еңсесін тіктеп, ертеңін ойлаған ел алдымен мәдениетке де білесіздер. Ауылдың мәдениеті өсіп-өркендеп, балалардың өнерге, білім-ғылымға деген құлшынысы артады. Сондықтан мұндай руханият ордасының ашылуы – өңірдегі жарқын жаңалықтың бірі. Енді ауылдықтар осы жерде жиналып, түрлі кештер, іс-шаралар ұйымдастыра алады. Заманауи үлгідегі жаңа клубты бар ауылдан небір талантты ұл-қыздардың түлеп ұшатынына

сенемін, – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев та жерлестерін құттықтап, ауыл ақсақалы Аманкелді Досмахан бата берді.

Облыс әкімі клуб ғимаратын аралап, көркемөнер үйірмесі бөлмесімен және «Бегім ана» бірлестігінің жұмысымен танысты. Мұнда қолөнер бұйымдары, бисермен тоқу, мольбертке сурет салу үйірмелері ашылған. Осы жерде аймақ басшысы тұрғындармен кездесіп, пікірлесті.

Айта кетейік, Сыр өңірінде мәдениет салынып өркендеуіне барлық жағдай жасалуда. Қазан айының басында «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы» пайдалануға берілді, «Өнер орталығы» жыл соңына дейін көрермендерге айқара есік ашпақ.

Жақын арада демеушілер есебінен музыкалық колледж ғимаратының құрылысы басталады. Келер жылы аудандарда салтанат сарайы, кітапхана, музей, архив орналасатын, жастар, ардагерлер мен аналар бас қосатын «Руханият» орталықтары салынады.

«ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТЕЙІК!»

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда облысының 85 жылдығы мен Қала күні қарсаңында қайта жаңғыртудан өткен Абай даңғылы №47 үйдің ауласына барып, жерлестерді мерекемен құттықтады. «Туған жерді түлетейік!» бастамасына белсенді атсалысқан кәсіпкерлерге алғыс білдірді.

– Аймағымыздың бас шаһарында тұрғындардың мақтанышы сезімін оятып, көз қуанышына айналатын бірнеше ірі жоба жүзеге асты. Қаламызға сән берген әсем ғимараттар, көзартар көркем аллеялар мерейтойға арнап тарту етілуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы биыл маусымда Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда «Қалалар мен ауылдардың сәулетін, саялақтар мен ауланын таза болуы, ең алдымен, басқа біреуге емес, өзімізге керек. Жұрттың бәрі өз үйінің жайлы әрі әдемі болғанын қалайды. Бұл – дұрыс. Азаматтарымыз қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға да дәл сондай жанашыр көзбен қарауға тиіс. Қазақстан – бәрімізге ортақ, оның қандай болатынын тек бізге байланысты, яғни, біз ішіде, сырты да бүтін ел болуымыз

керек» деген болатын. Қала – өз үйіміз. Оған қамқорлықпен қарау – әрбіріміздің азаматтық борышымыз. Туған жерімізді, туған қаламызды бірге түлетейік! – деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы ойын және футбол алаңдарындағы жеткіншектерге естелік сыйлықтар табыстады, тұрғындармен пікірлесті. Ауаларды жаңартуға демеуші болған «Қыран» компаниясы мен оның басшысы, кәсіпкер Жайсаң Сыздықов Құрмет грамотасымен, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізген мекемелердің қызметкерлері алғыс хатпен марапатталды.

Бүгінде Сыр өңірінің кәсіпкерлері мен меценаттар туған жерді түлету жобаларында 37 млрд теңгеден астам қаржы құйды. Жанашыл бастамалардың басым бөлігі Қызылорда қаласында жүзеге асуда. Жа-



қында «Анаға тағзым» орталығы және «Отбасы орталығы» пайдалануға берілді. «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы салынууда. «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы, кәсіпкер Асқар Әбубәкірұлының демеушілігімен Орталық алаң қайта жаңғыртылууда. Заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» құрылысы басталды. Жыл соңына дейін музы-

калық колледж ғимараты бой көтереді. Маусым айынан бері 1,1 млрд теңгеге облыс орталығындағы 28 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталды, 1 млрд теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің ауалары абаттандырылды. Өткен жылы аймағымызда демеушілер құны 1,6 млрд теңге болатын 80 балалар ойын алаңын салып берді. Оның 50-і Қызылорда қаласында.



АЗАТТЫҚҚА ҰМТЫЛЫСТЫҢ АЙҒАҒЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендік туралы декларациясы Қазақ КСР-нің саяси трансформациясында шешуші рөл атқарды. Өткен жылы 13 жылдан кейін еліміз ұлттық мерекеге айналған Республика күнін атап өте бастады. Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның рөлі мен құндылығы, оның философиясы ең алдымен тарихи контекстпен тығыз байланысты. Өткен ғасырдың 1980 жылдарының соңы мен 1990 жылдардың басы Кеңес Одағындағы саяси өзгерістер, белгісіздік кезеңімен есте қалды. Саяси биліктің жариялық пен ашықтық, қайта құру саясаты КСРО-дағы саяси реформаларға, саяси бостандықтың қалыптасуына әкелді. Қабылданған декларация Қазақстанның толық тәуелсіздік алуына жасалған қадам болды. Құжатта Қазақ КСР-нің егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері белгіленді.

Демек, бұл құжат даму бағытындағы алдағы саяси қадамдардың негізін қалады. Қазақ КСР-не елеулі саяси билік, республикаға саяси, экономикалық және мәдени мәселелерде өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік берді. Құжат ел тұрғындарының өзін-өзі билеуге деген ұмтылысына сай болды. Мемлекеттік егемендік жолындағы ұмтылыс республика тұрғындары арасында қолдау тапты.

Мемлекеттік егемендік философиясы – саяси философия мен халықаралық қатынастардағы іргелі ұғым. Мемлекет – өз аумағындағы ең жоғарғы билік, сыртқы араласусыз басқаруға толық ие. Егемендік белгілі бір географиялық аумақтағы жоғарғы және абсолютті билікті білдіреді. Бұл мемлекеттің өз заңдарын құру және орындалуын қамтамасыз ету, шекараларын бақылау, ішкі істерді басқару және халықаралық қатынастарға қатысу қабілетін қамтиды.

Мемлекеттік егемендік туралы тұжырымдама отыз жылдық соғысты аяқтауға көмектескен Вестфаль бейбіт келісімінен тарихи тамыр алады. Бұл шарт егемен мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидасын мойындайтындықтан, қазіргі заманғы мемлекеттік егемендіктің бастапқы іргесі ретінде жиі қарастырылады. Өйткені мемлекеттік егемендік ішкі және сыртқы өлшемдерді қамтиды. Ішкі егемендік мемлекеттің өз шекараларында келерсіз басқару құқығын, заңдылық пен тәртіпті сақтау және сот төрелігін жүзеге асыру мүмкіндігін білдіреді. Ал сыртқы егемендік халықаралық құқықтан басқа жоғарғы билікті мойындамайтын мемлекеттің халықаралық қатынастардағы тәуелсіздігі мен теңдігін танытады.

Ағартушылық дәуірдің ойшылы Жан-Жак Руссо мемлекеттік билік пен егемендіктің легитимдігі басқарылатындардың келісімінен туындайтынын атай келе, қоғамдық келісім тұжырымдамасын енгізеді. Біздің ойымызша, осы тұжырымдама астарында демократиялық басқарудың идеясы жатыр. Осы идея бойынша азаматтар саяси процеске қатысу арқылы билікті мемлекеттік егемендікке береді. Сондықтан мемлекеттік егемендік философиясы халықаралық қатынастардағы пікірталас пен эволюцияның тақырыбы болып қала береді. Егемендік философиясы саяси ой, халықаралық қатынастар, қазіргі ұлттық мемлекетті ұйымдастырудағы іргелі ұғым ретіндегі маңызын жоғалтпайды. Бұл пайымға сәйкес мемлекеттердің бір-бірімен әрекеттесуі, ішкі істерді басқаруы, егемендік пен жаһандық қауымдастықтың жалпы мәселелерін шешу және адам құқықтарын қорғау жауапкершілігі арасындағы тепе-теңдік туралы пікірталасты тудырады.

Халықаралық қатынастардың негізгі қағидасы болып саналатын мемлекеттік егемендікті өз алдына құндылық ретінде қарастыруға болады. Жалпы егемендік ұғымының өзі әрбір мемлекеттің сыртқы араласусыз жеке саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жүйелерін анықтауға құқығы бар идеясын бағалайды. Бұл тұжырым өзін-өзі анықтау қағидасымен тығыз байланысты және түсінікке сәйкес мемлекеттер өз тағдырын өзі құру еркіндігіне ие.

Аумақтық тұтастықты құрметтеу құндылығы мемлекеттің территориялық тұтастығын қадірлеудің маңыздылығын көрсетеді. Осы түсінікке сәйкес шекараларды сыртқы агрессия, мәжбүрлеу арқылы өзгертуге болмайды, ал дауларды бейбіт жолмен шешу керек. Мемлекеттік егемендік егемен мемлекеттердің бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудағы рөлін жоғары бағалайды. Басқа мемлекеттердің егемендігін құрметтей отырып, елдер қақтығыс ықтималдығын азайтып, халықаралық тәртіпті сақтай алады. Мәдени және саяси плюрализм мәдениет пен саясаттағы алуандылықтың маңыздылығын мойындайды. Әр мемлекеттің өз дәстүрлері, жүйелері және құндылықтары бар. Өз кезегінде мемлекеттік егемендік қағидасы осы алуандылықты құрметтейді.

Егемен мемлекеттер өз азаматтарының алдында жауапты. Бұл құндылық демократиялық басқарудың маңыздылығын және биліктің легитимдігі басқарылатындардың келісімімен анықталатын қағидасын көрсетеді. Осылайша, мемлекеттік егемендік құндылық ретінде өзін-өзі анықтау, тәуелсіздік, теңдік және қол-сұқпаушылық қағидаларына негізделген. Егемендік мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастырады және халықаралық тәртіпті сақтауға көмектеседі.

Республика күні – Қазақстан үшін өз егемендігін, тәуелсіз мемлекет ретіндегі өз жолын және елді бірегей ететін мәдени алуандылықты көрсететін мереке. Бұл – ұлттық мақтаныш пен бірлікті, еліміздің ғасырлар бойы тарихи және саяси өзгерістерден кейінгі өз тағдырын өзі қалыптастыруға бел байлағанын білдіретін күн.

Ботагөз ПАРИДИНОВА,
философия магистрі,
Қорқыт ата ағындағы
Қызылорда университеті
философия және әлеуметтік-гуманитарлық
пәндер секциясының аға оқытушысы

ТОҒЫЗ АЙ ТАРАЗЫСЫ

ОБЛЫС ҮЗДІК ҮШТІК ҮДЕСІНЕН ШЫҚТЫ

Кез келген аймақтың даму қарқыны ең алдымен әлеуметтік-экономикалық тұрғысынан бағаланатыны белгілі. Бұл тұрғыда Қызылорда облысы оқ бойы озық шыға бастады. Мәселен, биыл алғашқы 9 айдың қорытындысы бойынша, республика өңірлері ішінен суырылып, алғашқы үштіктен көрінді. Өндіріс пен ауыл шарушылығынан бастап, құрылыс және сауда саласы ілгері басуда.

СБ Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

БЮДЖЕТ ПЕН ИНВЕСТИЦИЯ ТОЛЫҚТЫ

Ең әуелі әр саладағы өсімді нақты көрсеткішпен айтар болсақ, жоспардан асырыла орындалған істерді аңғаруға болады. Биыл өңдеу өнеркәсібі – 115,8 пайызға ұлғайып, қаржы көлемі 227 млрд теңгеге жеткен. Облыс бір тірегі ретінде ауыл шаруашылығына арқа сүйейтінін білеміз. Бұл саладағы өсім 101,6 пайызға артып, 157 млрд теңгені құраған. Кейінгі жылдары аймақта құрылыстың белсенді жүріп жатқанына ел куә. Мұндағы өсім 126,4 пайызға, яғни, 117 млрд теңгеге артқан. Сол сияқты тұрғын үйлер 118,9 пайыздан асып, жалпы ауданы 618 мың шаршы метрге жетті.

Өңірдің дамуындағы тағы бір көрсеткіш сауда саласында. Алыс-берістің көлемі 104,1 пайызға (531 млрд теңгеге) өскен. Ал ондағы көлік және қоймамен қамтамасыз ету деңгейі 107,2 пайызға артып, 210 млрд теңгені құраған. Сонымен негізгі капиталға тартылған инвестиция 125,6 пайызға (319 млрд теңге), оның ішінде жеке инвестициялар 134,6 пайызға (231 млрд теңге) жетті.

Сыр елінің әл-ауқатына қатысты оң өзгерісті мынадан аңғарсақ болады: облыс бюджеті бытыр 387 млрд теңге болса, биыл 609 млрд теңгеге дейін өсті. Өңір қазынасындағы өсім

	ӨНДЕУ	АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ	ҚҰРЫЛЫС	ТҰРҒЫН ҮЙ	САУДА	КӨЛІК	ЖЕКЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР
Абай обл. ЕҚО	114,8	100,2	148,0	116,4	101,4	110,4	145,4
120,5	105,5	141,9	100,5	119,2	108,3	112,7	
115,8	101,6	126,4	118,9	104,1	107,2	134,6	
Алматы қ. Шымкент қ.	121,0	-	100,3	107,2	114,5	109,5	107,3
100,1	-	100,7	110,3	106,6	123,5	136,1	
112,3	70,6	103,8	102,2	100,1	122,2	105,4	
Жамбыл обл.	103,2	93,0	112,6	100,2	102,5	100,0	117,4
Жетісу обл.	107,7	101,7	164,6	111,2	160,6	99,9	115,7
Қостанай обл.	116,4	77,4	121,2	109,4	104,2	102,8	102,3
Маңғыстау обл.	97,3	101,9	166,5	111,8	125,8	103,6	143,1
СҚО	112,0	84,1	122,2	112,4	104,4	107,7	114,0
Түркістан обл.	110,0	101,8	109,1	107,1	106,4	86,2	169,9
Алматы обл.	108,5	98,4	101,0	104,0	106,9	97,8	108,0
Қарағанды обл.	98,3	86,7	119,2	102,4	106,7	112,1	109,0
Павлодар обл.	98,6	91,4	118,4	104,8	102,5	127,0	134,9
ШҚО	105,0	93,9	105,4	108,8	102,5	123,2	93,3
Астана қ.	97,8	-	110,7	140,0	109,5	106,7	91,4
Ақтөбе обл.	97,1	97,8	124,1	103,2	90,4	117,8	102,5
Атырау обл.	108,1	101,8	100,5	84,0	105,9	98,4	99,5
Ұлытау обл.	86,5	95,2	91,4	130,2	103,7	105,8	114,5
ҚР	103,2	90,1	112,6	111,6	110,0	107,0	110,9

57 пайызды құраған. Жалпы, облыстың даму бюджеті 2021 жылы 47 млрд теңге, 2022 жылы 50 млрд теңге болса, биыл 127 млрд теңгеге артып отыр. Өткен жылмен салыстырғанда бақандай 2,5 есе өсім бар.

Расында облыста өндірістің көлемі бұрын мұнай секілді шикізаттармен ғана толықтырылып келген. Дегенмен жергілікті билік бұл мәселеге зер салып, басқа да өнеркәсіп өндірісін дамыту арқылы жағдайды жақсартта алды.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Біз жоғарыда бюджеттің жай-күйін тілге тиек еттік. Облыс әкімдігі сол қаржының 61 пайызын әлеуметтік салаға бағыттаған. Халық үшін қажетті нысандар көптеп салынууда. Мысалы, алдағы жылдары «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 21 мектептің құрылысы жүреді. Жоба құны – 98 млрд теңге. Бұған қоса өңірдің дарынды балаларына арнап физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақ-

ханасы бар мектеп-интернаттың құрылысы басталды. Сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен мектеп мәселесін шешу мақсатында қосымша 5 мектеп бой көтеруде. Қызылорда қаласында тағы 4 қосымша ғимарат салынды. Бұл ғимараттардың артықшылықтары көп. Біріншіден, балалардың үйінен мектепке қатынауына ыңғайлы болуы үшін жақын орналасқан. Екіншіден, бюджет қаржысы үнемделді. Өйткені 550 орындық мектепті жаңадан салуға 3-4 млрд теңге шығын кетеді, ал аталған мектептер 700 млн теңге қаржыға тұрғызылған.

ЖАР САЛАР ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Облыс тұрғындары үшін жасалып жатқан игілік бұнымын шектелмейді. Қазір өңірде құны 36,4 млрд теңгені құрайтын 100 адамға арналған емхана, онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана салынууда. Оған қоса облыс орталығында құны 2,7 млрд теңге болатын «Қан орталығының» құрылысы басталды. Ауыл

тұрғындары да жақсылықтан шет қалып жатқан жоқ. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 27 нысан салынууда.

Алдағы уақытта бірқатар спорт және әлеуметтік-мәдени нысандар бой көтермек. Осындай жоспардың бірі – құны 18 млрд теңге болатын 7 мың орындық Орталық стадион тұрғызу. Жабьқ бассейні бар көпсалалы денешынықтыру кешенінің де құрылысы кезек күттірмей іске асады. Ал аудандарда 2,6 млрд теңгеге 11 денешынықтыру кешені бой көтермек.

Мәдениет саласы да жаңалықтарға кенелмек сынайды. Құны 3,7 млрд теңге болатын «Өнер орталығының» құрылысы аяқталғанын ел асыға күтіп жүр. Таяуда «Отбасы орталығы» өз қызметін бастады. «Туған жерді бірге түлетейік» үндеуі аясында демеушілер есебінен өңірді дамытуға 37 млрд теңге қаржы тартылған. Бұл қаражатқа әуежайдың терминалы, бірнеше әлеуметтік нысандар, демалыс саябақтары, спорт-ойын алаңдары, көпқабатты үйлердің қасбеттері жаңартылып, аулалар абаттандырылды.



СЫРДАРИЯ: КҮРІШТЕН



ҚАРАӨЗЕКТЕН ТЕРЕҒӨЗЕККЕ ДЕЙІН...

Сырдария ауданының түпкі тарихы колхоздастыру кезеңінен бастау алады. Қазан революциясының жеңісінен кейін алғашқы онжылдықта ауыл мен елді мекендерді әлеуметтік және экономикалық жағынан дамытуға ден қойды.

Коммунистік партияның 1927 жылғы 2-19 желтоқсанда өткізілген XV съезінде Кеңестік Социалистік Республикаларындағы ауыл шаруашылығын дамыту жолдары талқыланды. Онда лениндік кооперативтер құру қағидасына сүйене отырып, ауыл шаруашылығын коллективтендіру жұмыстарын жүргізу шешімі қабылданды.

Міне, сол жылы үш машина жобалау пунктін Шиеліде, Талсуатта, Тереңөзекте құрылады. Оларда бас-аяғы 96 ауыл шаруашылығы машинасы болған екен. Бұл ұжымдық шаруашылықтар сол кезеңде 13 мың десятинадан астам жерді өңдеп, егін еккен. Тереңөзек кентінің тарихы осы 1927 жылғы машина жобалау бекетінен басталған деуге негіз бар.

1927 жылы желтоқсан айының аяғында Қызылорда қаласында кеңестік партия белсенділерінің актив жиналысы өткізіліп, жаппай коллективтендіруге көшу, байларды қампекелеу есебінен колхоз мұқтажлығын шешу мәселелері қаралған. Соның нәтижесінде 1928 жылғы көктемгі егіс уақытында Қызылорда қаласы, Шиелі, Қараөзек станцияларынан 3 машина-трактор пунктін құрылады. Ал жаппай ұжымдастыру 1929 жылдың екінші жартысынан бастап жүргізіледі. Жоғарыда айтқанымыздай, бүкілодақтық коммунистік партияның XV съезінде колхоздастырумен қатар, жаңаша әкімшілік-территориялық басқару жүйесі де енгізілген еді. Революцияға дейінгі губерния, уезд, болыс және ауылдар секілді әкімшілік бөліністердің орнына округтер мен аудандар құрыла бастады. 1928 жылға дейін Қызылорда уезд болса, 1928 жылдың 17 қаңтарында Қызылорда округі болып құрылады. Округке 8 аудан кірді. Олар Арал, Қазалы, Қармақшы, Қараөзек, Қарсақпай, Шиелі, Қызылорда және Аламесек ауданы еді. Соның ішіндегі Қараөзек – қазіргі Сырдария. Көп ұзамай Қараөзек ауданы Тереңөзек ауданы болып қайта аталған. «Сырдария» деген аудан атауы бұл уақыттарда мүлдем болмаған.

1930 жылы Толошекиннің бастамасымен әкімшілік басқарудың жаңа реформасы жүргізілді. Маусымда барлық округ таратылды. Қазақстан территориясында 175 аудан құрылды. Осылай 1932 жылы құрамында 19 ауданы бар Оңтүстік Қазақстан облысы жасақталды. Ондағы алты аудан Қызылорда округіне қарасты аудандар болатын. 1934 жылдың тамыз айында Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен Тереңөзек ауданы таратылып, жер көлемі Қармақшы мен Қызылорда аудандарына берілді.

1938 жылдың 15 қаңтарында бұрын аудан құқында Оңтүстік Қазақстан облысының құрамында болған Қызылорда жаңадан облыс болып құрылды. Облыс құрамына Арал, Қазалы, Қармақшы, Тереңөзек, Шиелі, Жанақорған, Сырдария аудандары кірді. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің облыстық ұйымдастыру комитетінің президиумы отырысының №38 хаттамасының қаулысына сәйкес аудан құрамына 18 ауылдық кенес енді. Олар: Тереңөзек, Қызылөзек, Көкжиде, Бесөзек, Жана ауыл, Жәдігер, Ақжарма, Шіркейлі, Қызылту, Далакөл, Аламесек, Бірінші Май, Калинин, Ақбойдақ, Күндізды, Еңбекші, Шолақарық және Мәдениет ауылы. Кейіннен төрт ауылдық кенес Жалағаш ауданына берілді.

1963 жылдан 1964 жылға дейін Қызылорда облысы «Оңтүстік Қазақстан өлкесі» құрамында болуына байланысты Арал, Жалағаш, Тереңөзек, Жанақорған аудандары таратылады. Ақыры Тереңөзек ауданының елді мекендері Сырдария мен Қармақшы аудандарына бөлінді. «Оңтүстік Қазақстан өлкесі» таратылғаннан кейін Қызылорда облыстық жұмысшы депутаттар кеңесінің 1966 жылғы №21/443

қаулысына сәйкес Тереңөзек ауданы қайта құрылды. Оның орталығы осы қаулы бойынша Тереңөзек селосы болды. Тереңөзек ауданының құрамына Сырдария ауданынан Тереңөзек, Шіркейлі, Күндізды, Қызылту, Қызылөзек, Бесөзек ауылдық кеңестері қараса, Жалағаш ауданынан Далакөл ауылдық кеңесі берілді. Он жылдан соң облыстық атқару комитетінің №180 шешімімен Тереңөзек селосына қалалық поселке мәртебесі берілді.

Ал ел тәуелсіздік алған соң, 1997 жылғы Тереңөзек ауданы Сырдария ауданы болып қайта аталды. Орталығы Тереңөзек қыстағы болды. Ауданға Аманкелді ауылы және Айдарлы, Бесарық, Қоғалыкөл ауылдық округтеріне қарасты елді мекендер берілді.

Аудан аты аталғанда әуелі құлаққа Сырдария өзенінің сылдырағы естіледі. Ұлан-ғайыр қазақ даласында өзен көп болғанымен, дария аталғаны екі-ақ өзен. Сол қос өзеннің бірі – Сырдария десек, қазақ елі тарихындағы сан оқиғаның, түрлі қоғам мен кезеңнің куәсі болған дария атындағы аудан да өзіндік тарихымен, дамуымен ерекшеленеді. Ырыс пен ынтымақтың қайнар бұлағына айналған ауданның өндіріс орындары өркендеп, ауыл шаруашылығы дамыған өңір ретінде танылып келеді. Жыл сайын ауыл шаруашылығы бойынша көш-басшылар қатарында келетін ауданның әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени саладағы жетістіктері бір төбе.

Тереңге бармай-ақ, кеңес заманында береке мен байлықтың, дарханлықтың киесіне айналған Сырдария ауданынан 2 Кеңес Одағының Батыры мен 8 Социалистік Еңбек Ері шықты. Беріде Қазақстанның Еңбек Ері атағына ие азамат та – осы ауданның тұрғыны.

Киелі жерден шыққан тарихи тұлғалардың ісі кейінгі ұрпаққа өнеге екені анық. Сан тарихтың куәсі болған Сырдария ауданы – ел шежіресіне қатысты көптеген жәдігер сақталған аймақтың бірі. Жент қаласының орны, «Мүлкілан», «Сырлытам» кесенелері, «Жетімасар», «Қосасар» асарлары, XIX ғасырдың тамаша туындысы «Қалжан ахун» мешіт-медресесі – тарихтың тамаша туындылары, баға жетпес құндылықтар. Аудан көлемінде діни-ағартушылық мектептердің көп болғаны білім дәстүрінің іргетасы ерте қаланғанын мензейді.

Ақындар «таланттардың өлкесі» деп жырға қосқан Сырдария ауданы сатира сардары Асқар Тоқмағамбетов, халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов пен Әбіраш Жәмішев, театр саңлағы Сәбира Майқанова, ақын-жазушылар Танауш Дәуренбеков, Сейфолла Оспан, Нұрхан Жанаев, Қайырбек Асанов, Қанафия Дәрібаев, Мұхтар Сақтапов, Заматин Ибадуллаев секілді талантты тұлғалар мен жерлерінің мақтанышына айналған елжанды азаматтарды өмірге әкелді.

ӨРКЕНИЕТТІ ӨРГЕ ЖҮЗДІРГЕН

Біз жоғарыда ауданның тарихын бір ғасыр шеңберінде ғана қамтыдық. Негізгі аудан – ілкіден тартсақ, мәдениет пен өнердің ошағы. Бұл сөзімізге көненің ізі сайрап жатқан тарихи ескерткіштер куә. Сырдария ауданының жері – қазақтың қарашаңырағы болған аймақтардың бірі. Аудан жерінде тас дәуірінің іздері, сақ, ғұн, қаңлы тайпаларынан қалған тарихи-мәдени ескерткіштер, Сыр жағасында көне қалалардың орындары, «Ұлы Жібек жолының» батыс пен терістікке шығатын тоғыз жолдың торабы болуы, алғашқы тайпалық бірлестіктердің, мемлекеттердің орталығы болуы ойымызды нақтылай түседі.

Тас дәуірінен бастап өлкені мекендеген тұрғындар әр кезеңдерде өздеріне ғана тән мәдениеттерді қалыптастырып, дамытып отырды. Бүгінгі Сырдария ауданының территориясындағы біздің жыл санауымызға дейінгі 5 мың жылдықтан басталатын неолит дәуірінің ескерткіштері, оның Келтеминар мәдениетіне жататыны өңір тарихының тым көнеден бастау алатынын дәлелдейді. Бөтен елге



құпиялау көрінер өмір салты мен келісті салтанаты кезінде Геродотты таңғалдырған Сыр өңірінің көшпелі және отырықшы мәдениеті осы жерде ежелден қалыптасқан. Өз заманының данышпаны, ұлы ақыл-ой санатына қыруар әсер еткен Заратустраның ілімі алғаш Сырдария өзені бойында дүниеге келген деген де болжамдар жоқ емес. Көне дәуірде өңірді мекендеген тайпалар мен халықтардың ізі іспеттес қола дәуірінің аса көрнекті ескерткіші болып саналатын Солтүстік Түтіскен мавзолейлері, темір дәуірінде Сырдарияның оңтүстік салаларын (Іңкәрдария, Жаңадария бойы) мекендеген сақ тайпалары қалыптастырған Шірік Рабат мәдениеті, солтүстік аудандарды жайлаған (Ескідариялық, Қуандария салалары) қаңлы тайпалары мықты бекіністік қалаларымен ерекшеленетін аудан территориясындағы «Жетіасар» мәдениетінің ескерткіштері – «Кішіасар», «Қосасар», «Жетімасар» бүгінде баршаға аян болып отыр.

Сыр өңірін сырт елдермен қан тамырындай байланыстырған Ұлы Жібек жолының ізі аудан жерінде әлі де сайрап жатыр. Сол кезде мызғымастай қалыптасқан қағида бойынша – дүниенің төрт бұрышына тіреп тұрған әлемдік монархия: Үндістан, Батыста – інжу-маржан, Иран, Византия, Түркі қағанаты, Қытай мәдениеттері де сауда жолы арқылы осы өңірде тоғысып жатты. Сол дәуірде өмір сүрген, бүкіл түркітілдес халықтардың ардақ тұтар абызды, даңқты күйші, дана философ Қорқыт ата түркі мәдениетінің негізін осы жерде қалаған. Дәл осы кезеңнен бастап Сыр өңірі қазақ және басқа да түркі халықтарының алтын бесігіне айналған.

Орта ғасырларда тоғыз жолдың торабында орналасқан бұл территория күрделі миграциялық процестер мен шиеленіскен саяси оқиғалардың орталығына айналды. VII-VIII ғасырларда Ескідариялық арнасы құрғап, «Жетіасардың» тұрғындары қоныстарын тастай, үдере көшкен уақытқа Қуандарияның Аралаға құяр сағасында орналасқан «батпақтағы қалалардың» көтерілуі сәйкес келеді. Зерттеуші ғалымдардың пікірінше, «Жетіасар» тұрғындарының бір бөлігі жаңа іске қосылған Қуандария бойына орналасып, аталған «батпақтағы қалалар» мәдениетінің өркендеуіне үлес қосқан. «Батпақтағы қалалар» қатарына аудандағы әйгілі Асанас, Баршынкент секілді ескерткіштер жатады. Бұл күндері аталған мәдениеттер мен тарихи оқиғалардың куәсі ретінде өлкедегі бірнеше ондаған археологиялық ескерткіштер сыр шертеді.

Расын айтқанда, Сырдария ауданы жеріндегі ескерткіштерін зерттеу тарихы Қазақстан патшалық Ресейдің отары болған кезден басталады. Ескерткіштердің зерттелуі төрт кезеңге бөлінеді: XVII ғасыр ортасынан 1895 жылға дейін, яғни, отар елді зерттеуге бағытталған түрлі экспедициялардың шығу кезеңі, 1895-1917 жылдар аралығында, яғни Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің қызмет еткен уақытынан басталады. 1946-1990 жылдар


аралығындағы академик С.Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының зерттеулері, 1991 жылдан басталған қазіргі кезеңдегі зерттеулер.

Сыр өңірін зерттеудің бастапқы кезеңі қазақ жерінің Ресей империясының қол астына кіруімен тікелей байланысты болды. Бәрімізге белгілі, 1731 жылы Кіші Жүз ханы Әбілқайыр Ресейге бодандығы туралы ант қабылдады. Осы уақыттан бастап Ресей империясының қазақ жерін және оған көршілес жатқан азиялық елдерді жан-жақты зерттеу жұмыстары басталады. Бірақ бұл зерттеулердің барлығы дерлік саяси мақсатта жүргізілгендігін айта кету керек. Сондықтан XVIII ғасырдағы әскери шенді зерттеушілердің жазбалары мен есептері негізінен аймақты жалпы сипаттаумен, ескерткіштерді тіркеумен және ауданның географиялық картасын түсірумен

сияқты басылымдар шыға бастайды. Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің мүшесі В.Каллаур 1899 жылы Асанас қаласының орнына келіп, қаланың топографиялық сипаттамасын жасайды. Ол жазба деректерде аталатын қала атауын негізге ала отырып, оны ортағасырлық Асанас қаласымен сәйкестендіреді. Сонымен қатар ол Сырдың сол жағалауында Қызылордadan 25-30 шақырым қашықтықта Томарөкел жерінде орналасқан Қышқаланың қиранды қалдығы Жент қаласының орны болуы мүмкін деген болжам жасаған. Сондықтан Сырдария ауданының жері адамзат өркениетінің даму кезеңдерінің толыққанды куәгері десек, жаңылыспаймыз.

Десек те, аудан топырағының ашылмаған сырғы әлі де жетерлік. Мәдениет саласының үздігі, өлкетанушы Жәнібек Маханбет көпке айтылмаған деректердің бір-сыпырасын бізге жеткізді.

Ауданның 1928 жылдан бастап негізі қаланғаны белгілі. Қандай биікке, жетістікке жетіп жатса да халықтың еңбегінің арқасы. Аудан жайлы айтқанда біз біле бермейтін небір жайт бар. Әуелде Тереңөзек ауданында бір шаруашылық пен бір емхана жұмыс істеген. Шаруашылық деп отырғанымыз – дарияның арғы бетінде, Тереңөзек қапталында өзбек елінің отын дайындау мекемесі



шектелді.

Орта ғасырдағы Сыр өңірі ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер XVII-XVIII ғасырларда жарық көрген «Үлкен сызба кітабы» мен Семен Ремезов құрастырған «Сібірдің сызба кітабы» еңбектерінде кездеседі. Бұл еңбекте Арал маңындағы Борсық және Қарақұм шөлдерінің жайылымдық маңызы туралы, жер-су атаулары және тұрақтары туралы мәліметтер келтірілген. XVIII ғасырда Кіші жүз ханы Әбілқайырдың шақыруымен Қазақ жеріне келген орыс топографтары Н.Муравин мен Д.Гладышев өлкедегі және Қазақстанның басқа аймақтары археологиялық ескерткіштерін картасын сызу және есепке алу, сипаттау ісінің іргетасын қалады. 1867 жылы Археологиялық комиссия құрамында жолсапармен Оңтүстік Қазақстанға келген шығыстанушы П.Лерх Түркістан өлкесіндегі және Сырдарияның төменгі ағысында археологиялық ескерткіштерді зерттей бастайды. Н.Веселовскийдің 1885 жылы Орта Азияға келуі ескерткіштерді қазуды археолог-мамандар арқылы жүргізудің бастамасы болды. Сыр өңірі қалаларын В.Каллаур, В.Бартольд, А.Якубовский сынды бірқатар атақты ғалымдар зерттеп, көптеген дерек қалдырған. 1895 жылы құрылған Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің мүшелері маңызды зерттеулер жүргізді. Сол кезеңде Ташкентте «Түркістан тізімдемесінен» және «Хаттамалар»

(Таштоп) жұмыс істеген. 168 шақырым жерді жалға алып, сондағы сексеуілді отын ретінде дайындаған. Отынды теміржол арқылы экспортқа шығарып, көршілес ел өздеріне біршама табыс түсірген. Сонда талай адам жұмыс істеп, нәпақасын айырды. Сондықтан аудан көлемінде сырғы ашылмаған небір құпия орындар жатқанын ұққанымыз абзал. Мәселен, қазіргі Іңкәрдария ауылының ар жағында VI-VII ғасырларда Көксенгір деген қалашық болған. Қала құлап, орында үңгір қалған. Өткен ғасырдағы қуғын-сүргін кезінде кейбіреулер сол үңгірді паналапты. Шағын ғана ауданды зерттесеніз, тайл тарихи орындар шығады, – деді ол.

ЖАҢА БАСТАМА ЖӘТЕРЛІК

Қош, өткенге салауат дегендей, қазір ауданның даму қарқыны қуантарлық. Президенттің тапсырмасымен, аймақ басшысының қолдауымен мемлекеттік бағдарламалар аясында ауданда жоспарланған ауқымды шаралар жүзеге асырылып, әлеуметтік-экономикалық бағытта тұрақты өсім байқалады. Жалпы 2023 жылы аудан бюджеті 10,0 млрд теңге болып бекітіліп, 11,0 млрд теңгеге нақтыланды. Аудан бюджетінің 63,7 пайызы әлеуметтік және инфрақұрылымдық саланы дамытуға бағытталған. Кейінгі



ЫРЫС ЖИҒАН ЖЕРҰЙЫҚ



жылдары ауданда өнеркәсіп өндірісі 61,2 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 7,3 пайызға, ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы өнім көлемі 3,3 пайызға өсті. Инвестиция 40,7 пайызға, тұрғын үй 3,5 пайызға, ал, құрылыс жұмыстарының көлемі 21,7 пайызға артқан.

Сырдария ауданының да басым бағыты ауыл шаруашылығына қарайтын мәлім. Биыл аудан бойынша егілген дақылдың көлемі өткен жылмен салыстырғанда 8,8 пайызға артты. Атап айтқанда, 36045 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары, оның ішінде 23811 гектарға күріш, 12232 гектарға басқа да өнімдер егілген. Кейінгі уақытта облыс су тапшылығы мәселесімен күресіп жатқаны аян. Бұл мәселені болдырмау үшін шаруалар жаңадан 4 насос алдырып, жалпы саны 78 насоспен егінге су жіберіпті.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауданда былтыр 210 гектар қосымша жер ашылып, 865 отбасы бақша дақылдарын ексе, биыл жер көлемі 359 гектарға дейін ұлғайып, 1105 отбасы әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерін еккен. Бұл бағытта жастар белсенділік танытуда. Былтыр Айдарлы, Аманкелді ауылында жастар бригадасы 20 гектарға егін ексе, биыл қосымша 4 ауылда, яғни Шіркейлі, А.Тоқмағамбетов, Бесарық, Жетікөлде жастар бригадалары құрылып, 60 гектарға бақша дақылдарын орналастырды.

Сонымен қатар ауданда «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен келісім-шарт негізінде 2 әлеуметтік дүкен жұмыс істейді. Оларға қажетті азық-түлік қорын толықтыру мақсатында, оның ішінде ақталған күрішке байланысты шаруашылық құрылымдарымен меморандум жасалған. Мұндағы азық-түлік бағасы нарықтан 15-20 пайыз төмен.

Кәсіпкерлік саласын дамыту тұрақты назарда. Қазір ауданда 3290 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеп тұр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 14,1 пайызға артық. Биыл 9 айда мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында құны 3,6 млрд теңгені құрайтын 275 жобаға қаржылай қолдау көрсетілді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, халықтың табысын арттыру мақсатында «Ауыл аманаты» бағдарламасына 1,4 млрд теңгелік 188 жобаның құжаты тапсырылып, 194,7 млн теңгеге 15 жоба қаржыландырылған.

Ауданда құрылыс және коммуналдық сала бойынша қарқынды жұмыстар атқарылуда. Мәселен, биыл 11,6 млрд теңгеге бюджеттік өтімді ұсынылып, 7,4 млрд теңгеге бойынша биыл 31 жобаға 1 млрд теңге қаржы бөлінді. Аудан орталығына қарағанда ауыл жолдарына баса назар аударылыпты. Бұған қоса «Қызылорда-Айдарлы-Тартоғай» автожолының 1,4 млрд теңгеге, «Шымкент-Самара-Тереңөзек» трассасына 687 млн теңгеге және «Қызылорда-Қоғалыкөл-Шіркейлі»

жолының 5 шақырымына жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Мемлекет басшысының «Әділетті Мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында атап көрсетілгендей, ауданда электр қуаты мен ауызсу құбыры желілерін зерделеу жұмыстары атқарылған. Биыл аудандағы бірқатар елді мекенде электр желілеріне жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Негізінен ауданда энергетикалық салаға қатысты зерделеу жұмыстары жүргізіліп, өткен ғасырдың 60-70 жылдарында салынған электр желілерінің 70%-ның тозығы жеткені анықталды. Соның салдарынан жел, жауын секілді ауа райының құбылуы кезінде электр жарығы өшіп қалып жатады.

Осыған байланысты облыс әкімі Нұрлыбек Машбекулы Нәлібаевтың қолдауымен бірқатар елді мекендегі электр желілері жаңғыртылды. Атап айтқанда, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері», «Ауыл – ел бесігі» бағдарламалары аясында қаржы бөлініп, ауданға қарасты Айдарлы, Аманкелді, Жетікөл, Қоғалыкөл елді мекендерінің электр бағаналары мен желілері, трансформаторлар толық



жаңартылды. Жаңғырту жұмыстары барысында көше жарықтары да толық орнатылды. Бүгінгі таңда құрылыс жұмыстары аяқталып, «ҚРЭК» АҚ-ның теңгеріміне беру үшін құжаттары (жер актісі, техникалық паспорт) әзірленуде.

Электр желісінің тозуы Сырдария ауданындағы ең үлкен елді мекен – Шаған ауылында да өзекті мәселе. Бұл елді мекенге де аймақ басшысы қолдау көрсетіп, бүгінде электр желілерін ауыстыру жұмыстары басталып кетті. Жоба өтпелі, алдағы 2024 жылы электр желілері толық жаңартып болады.

Айта кетейік, Тереңөзек кенті, Қалжан ахун, А.Тоқмағамбетов,

жеткен қаржыландыруға 3,9 млрд теңгеге бюджеттік өтімді ұсынылып, 2023 жылға Қалжан ахун ауылына газ жүргізуге 330 млн теңге бөлінді. Бүгінде ауылдағы газ құбырларын жүргізу жұмыстары аяқталған. Сондай-ақ, Тереңөзек кенті мен Қалжан ахун ауылы арасындағы жоғары қысымды газ құбырлары жалғанған. Қазіргі таңда газ реттеу пункттерін орнату жұмыстары жүргізілуде. Ауыл тұрғындарының табиғи газдың игілігін көретін күн алыс емес.

С.Сейфуллин және А.Тоқмағамбетов ауылдарын газдандыру жобасын бастауға облыстық бюджеттен 40 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда жұмыс басталған.

Халықты жұмыспен қамту, жұмыссыздықты азайту қашан да басым бағытқа ие. Биыл ауданда 2142 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған. Оның 800-і тұрақты, 1342-сі уақытша болмақ. Ал 9 ай қорытындысы бойынша 1573 жаңа жұмыс орны ашылып, жоспардың 73,4 пайызы орындалған.

БАСТЫ САЛАЛАР БАҒЫТТАН ЖАҢЫЛМАДЫ

Мемлекеттің жарқын болашағы жастарды сапалы біліммен қамтамасыз етуге тікелей байланысты екені даусыз. Аудан бойынша 53 білім беру ұйымы жұмыс істейді, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағытта 5 инновациялық мектеп-лицей бар. Аз қамтылған отбасынан шыққан және 1-4 сыныпта оқитын 3323 бала бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған.

Биыл ауданда 471 түлек мектеп бітіріп, олардың 396-сы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысыпты. Ауданның орташа балы – 84. Қорытынды бойынша 316 түлек мемлекеттік грантты жеңіп алып, жоғары оқу орындарында білім алуға, яғни, түлектердің 90 пайызы – грант иегері. Мектеп бітіруші түлектердің 29-ы «Алтын белгі», 52-сі «Үздік аттестат» иегері болды. Осыған қарап-ақ, ауданның білім саласы жақсы дамығанын көреміз. Бұған ұстаздардың еңбегі әсер еткені анық. Ауданның ардагер ұстазы, қазір әйелдер кеңесінің төрайымы Ұлмекен Жанәліева көптеген қиындыққа қарамастан, ағартушылық ісін айшықтап айтты.

– 1967 жылы мектеп бітіргеннен соң білім ошағына аға пионер болып

оқушы «Қамбаш» лагерінде, республикалық бюджет есебінен 138 оқушы Алматы, Шымкент, Бұрабай және Қонаев қаласындағы лагерьде таныққан.

Қазір Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында аудан орталығында 300 орындық жаңа мектеп құрылысын салу жоспарлануда.

Ауданда халық денсаулығын жақсарту үшін медициналық мекемелер жаңартылуда. Облыстық бюджеттен 182,4 млн теңге бөлініп, 3 ауылдың (Іңкәрдария, А.Тоқмағамбетов пен Қалжан ахун) фельдшерлік-акушерлік бекеттері күрделі жөндеуден өтті. Ал республикалық бюджеттен бөлінген 405 млн теңгеге Н.Лиясов ауылында жаңа амбулатория құрылысы басталды. Биыл алғашқы 9 айда ауданда 387 бала дүниеге келіп, ана өлімі тіркелмеген. Дәрігер тапшылығын болдырмау мақсатында жыл басынан бері 3 жалпы тәжірибелік дәрігер, 1 кардиолог, 1 функционалды дәрігер ауданға келіп қызмет етуде. Сондай-ақ, Аманкелді ауылына биохимиялық анализ алатын анализатор аппараты қойылды. Айдарлы, Жетікөл, Аманкелді, Бесарық ауылдарының халқы аудан орталығына бармай-ақ, жақын жерден анализдерін тапсырып, ем шараларын қабылдайды.

Ең бір назар аударуға тұрар дүние – биыл ауданда мәдениет пен спорт бөлімі қосылды. 9 айдың ішінде Ұлттық мәдениетті дамытуға бағытталған түрлі форматтағы 634 іс-шара өткізілді. Қазақтың ұлттық мерекесі – Наурыз мейрамында ауданда республикалық ақындар айтысы өткізілді. Халықтың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында Тереңөзек кентінде жағажай ашылып, қызмет көрсетуде. Қазір аудан тұрғындарының 38 пайызы жүйелі түрде спортпен айналысады. Облыс әкімінің тапсырмасы бойынша демеушілік есебінен 6 ойын алаңы салынды. Ал облыстық бюджеттен бөлінген 88 млн теңгеге Тереңөзек кентіндегі спорт клубы гимназиясының спорт залы құрылды.



жөндеуден өтуде. Биыл жасыл белдеуге 5000 түп көшет отырғызылды, аудан орталығындағы «Майжарма» каналының бойы демалыс орны ретінде абаттандырылуда. Тереңөзек кентінің аяқумен қамтамасыз етіп отырған «Майжарма» каналы маңайының 412 метрін абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Аталған жұмыстарды мердігер мекеме – «Град Строй Сервис» ЖШС атқаруда.

Сондай-ақ кенттегі И.Тоқтыбаев көшесінің бойына 133 млн теңгеге ұзындығы 3,2 шақырым болатын тротуар мен лоток салынды.

НАЗАРДЫ БҰРҒАН НАҒИ АУЫЛЫ

«Барлық ауыл Нағидай болсын!» деген ел ішінде тағалымды бір сөз бар. Текке айтылмағаны белгілі, себебі Нағи Қлиясов атындағы ауыл облыс қана емес, республика көлемінде де үздік ауылдардың қатарында тұрады. Биыл облыс әкімінің тапсырмасымен өткен «Үздік елді мекен» байқауын жеңіп алды. Көп ұзамай облысқа жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та ауылдың тыныс-тіршілігімен арнайы танысты. Қазақстанның Еңбек Ері, «Абзал және К» толық серіктестігінің негізін қалаушы Абзал Ералиев Президентке кәсіпорынның табысты қызмет етіп, өңір бойынша ауыл

шаруашылығы саласындағы жетекші мекемеге айналғанын айтқаны есімізде. Президент «Абзал және К» шаруашылығының демеушілігімен салынған ауылдың орталық алаңын, спорт кешенін аралап, жас жеткіншектермен әңгімелесті.

Содан соң Президент ауылда былтыр гана бой көтерген «Еңбек алғашында» еңбек адамдарымен жүздесіп, келешек жас ұрпақты Қазақстанның өркендеуі жолында бірлік танытып, еңбек етуге шақырды.

– Шын мәнінде, еңбек адамдары – халқымыз үшін ең қажет азаматтар. Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сіздер ақ күршітін атасы – Ыбырай Жақаевтың жолын жалғап жүрсіздер. Сондықтан мен сіздерді қолдаймын, – деген еді Мемлекет басшысы.

Дикандар ауыл шаруашылығының дамуына айрықша мән беріп, мемлекет тарапынан қолдау шараларын көбейткені үшін Президентке алғыс айты. Әсіресе, Су ресурстары министрлігін құру жөніндегі жаңалықты Сыр бойының дикандары қуана қабылдағаны анық. Сонымен қатар олар ауылда жастарға жайлы жағдай жасалғанына, жас мамандардың ел ішінде қызу еңбек етіп жатқанына тоқталды.

Міне, осындай үздік ауылы бар, еңбексүйгіш халқы бар, тамырын талай ғасырдан тартаң тарихы бар Сырдария ауданының қазіргі тыныс-тіршілігі көз қуантады. Аудан келешекте де өсіп-өркендей береріне сенім мол.

Күз келді. Күтімі келіснен күрішті жинау аяқталу алдында. Табыс тәуір. Молшылыққа кенелген мекендеш дикан дала дубірін ырыспен толтырып отыр. Бұл аймақтың 85 жылдығына ұлкен тарту болмақ!

ДЕМЕУШІЛІК ПЕН АТҚАРУШЫ АУЫЛ ЖҰМЫСТАР

Игілікті істер демеушілік арқылы серпінді Сырдария ауданында жүйелі жүргізілуде. Бірер жыл бұрын кәсіпкерлердің қолдауымен ауданда бірнеше балалар ойын алаңы салынып, пайдалануға берілді. Биыл да бұл үрдіс жалғасын тауып, кент орталығындағы А.Иманов көшесіндегі көпқабатты үйлердің қасбеті жаңартылуда.

Тереңөзек кентінің әкімі Е.Бахтияровтың айтуынша, тұрғын үйлердің қасбеті толықтай демеушілердің көмегімен жаңартылуда. Бұл жұмысқа бюджеттен қаржы бөлінбеген.

– Аудан басшысы демеушілерге ұсыныс айтып, тұрғын үйлердің қасбетін жаңарту бастамасын көтерген болатын. Ұсыныс қолдау тауып, бүгінде үш үйдің қасбеті жаңартылуда. Бұл жұмыстар «УниверсалСтройСервис», «Ақ тоған» және «Айдарлы Алтын» серіктестіктерінің есебінен жүргізілуде. Қазір жұмыстардың басым көпшілігі аяқталды. Алдағы уақытта да кенттің А.Иманов көшесінің бойындағы басқа да үйлердің қасбетін жаңарту жоспарымызда бар. Бұл жұмыстар кезек-кезеңімен жүргізіледі. Қолдау білдіріп, кентіміздің көркеюіне атсалысып жатқан азаматтарға айтар алғысымыз шексіз, – дейді кент әкімі.

Айдарлы – аудан орталығынан шалғай орналасқан ауыл. Ауылдағы орта мектептің қоршауының ескіріп, тозғанына да бірнеше жыл болған еді. Осы қоршаудың жөндеуіне демеушілер ықпал жасады. Бұл жолы «УАД» мекемесі қолдау білдіріп, 6,6 млн теңге бөлі. Бөлінген қаражатқа мектеп қоршауы ауыстырылып, сырланды. Игі іске «Өрлеу кз» жеке кәсіпкерлігі де атсалысты.

Осы тектес жұмыс Қоғалыкөл ауылында да ұйымдастырылды. Ауылдағы №44 орта мектептің алды асфальтталды. Аудан басшысының қоғалыкөлдіктердің өтініші жөнінде көтерген бастамасын «Әлем Қызмет Group» серіктестігі қолдап, аз уақыттың ішінде кәсіпкерлердің демеушілігімен асфальттау жұмыстары жүргізілді. Осы ретте, бұл серіктестіктің Н.Лиясов ауылындағы стадионның алдында асфальттап бергенін айтып өткеніміз жөн. Қазіргі таңда екі ауылдың халқы өз ризашылығын білдіріп, атқарылған жұмысқа алғысын айтуда.

Сонымен қатар, Қоғалыкөл ауылында демеушілік есебінен жаңа балалар ойын алаңы салынды. Бұған «Стоительно-транспортная компания» ЖШС қолдау көрсетті. Тереңөзек кентіндегі бір ойын алаңының жаңартылуына «Град Строй Сервис» ЖШС қолдау білдірді.

Ауылдардан бөлек, аудан орталығында да демеушілердің қолдауымен жақсы жұмыстар атқарылуда. Мәселен, Тереңөзектегі Ә.Тәжібаев атындағы №36 орта мектебі 1200 оқушыға лайықтап салынған, яғни, осыны баланы балабақшаға, мектепке, мектептегі үйірмелерге өкелуге көп ата-ана келеді. Олар автокөліктерін бұрын ескірген, күзде балшыққа, қыста ойыққа толы автотұраққа қоятын. Бұл автотұрақ биыл жөндеді. Жөндеу жұмыстарына «Ақ тоған» ЖШС қолдау көрсетті. Оған қоса, кенттегі №131 мектеп алдында орналасқан ІІ дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, полиция аға лейтенанты Талғат Қозыбаевтың ескерткіш-бюстің қайта қаптау жұмыстары жүргізілді. Бұған «АЭСand Limited» ЖШС демеушілік жасады.

Мұнан бөлек, кенттегі «Сыр сұлуы» монументі де «Промстройсервис-Е» ЖШС-ның демеушілігі арқылы жаңа кейіпке еңбек. Қазір жұмыстар басталып, құм үю, тегістеу жұмыстары жүргізілуде.



С.Сейфуллин елді мекендерін электрмен жабдықтауға демеушілікпен жобалар әзірленуде.

Ал ауызсу құбырын жаңарту үшін демеушілік есебінен 6 жоба әзірленіп, қазір Шағандағы 5 көше мен Қоғалыкөлдегі 3 көше бойынша жасалған 3 жобаға 279 млн теңге қаржы бөлінген. Ал Тереңөзек кентіндегі 10 көше мен Аманкелді ауылындағы 3 көшеге қатысты 3 жобаның құрылысын қаржыландыру күтілуде. Осының ішінде Тереңөзек кентіндегі көшелердің ауызсу құбырларын жаңғыртуға байланысты 2 жоба әзірленген. Биыл екі жобаның жұмыстары басталып, ауызсу құбырлары жаңартылуда. Екі нысанның құрылысы да 2024 жылға өтпелі.

Сонымен қатар, облыстық бюджет есебінен Тереңөзек кенті мен Шаған, Іңкәрдария ауылдарына 3 су мұнарасы орнатылды. Ал аудандық бюджеттен Н.Лиясов пен С.Сейфуллин елді мекендеріне 2 су мұнарасын орнатуға қаржы қаралып, жұмыстар жүргізілуде.

Облыста халықты «көгілдір отынмен» қамту жайы маңызды екені анық. Қазір Тереңөзек кенті табиғи газбен толық қамтамасыз етілсе, елді мекендерде газдандыру жұмыстары кезек-кезеңімен жүргізілмек. Қалжан ахун, С.Сейфуллин, А.Тоқмағамбетов және Шаған ауылын газдандыру үшін 2023-2025 жылдарға республикалық бюд-

жұмысқа қабылдандым. Содан ағарту саласында 30 жылдан астам қызмет атқардым. Одан соң мектеп директоры болды, аудандық білім бөлімінің меңгерушісі атандым, не де болса білім саласынан ұзағаным жоқ. Сондықтан ауданның білім саласының даму жолын бүгешіңізсіңіз дейін білемін деп айтуға хақым бар. Қазірге дейін 17 мектеп жұмыс істеп тұр. Бұрын кәсіптік білім беретін, техникалық училищенен кем түспейтін оқу-өндірістік компаниясы болды. Оңтайландыру кезеңінде өнер, музыка мектептері жабылғалы жатты. Сонда ауданның білім саласындағы мамандарының арқасында 2-3 мұғалім болса да алып қалып, жаппауға тырыстық. Кітапхана, балаларға арналған тынығу лагерін де сақтап қалдық. Ауданның білім саласы сондай өліара кезеңдерді де бастан кешті. Облыс бойынша бұрын алдыңғы қатарда тұрса, қазір де сол деңгейінен түскен жоқ. Мектептердің материалдық-техникалық базасы толық жақсартылды. Кейінгі ұрпақтың қамсыз білім алуына қолайлы жағдай жасап бере алдық, – дейді.

Мамыр-маусым айларында ауданнан 880 бала Түркістан, Қызылорда облысы аумағына саяхатқа шыққан. Бастауыш сыныпта оқитын 4665 оқушы мектеп жанынан ашылған күндізгі тынығу лагерімен қамтылыпты. Аудандағы «Жалын» лагерінде 6 ауысымда 681 бала демалды. Демеушілер есебінен 100



ҚОРҒАНБЕК ҚАЙРОЛЛАЕВ – 80

АРДЫҢ ЖҮГІН арқалаған

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Қорғанбек Қайроллаев 80 жасқа толды. Дүрілдеген кеңес дәуірінде халқына еңбегін аямаған, Тәуелсіздіктің туы көтерілген тұста жаңа заман көшін бастаған қайраткер саналы ғұмырында үлкен өмір мектебін өтті. Ұлы Отан соғысының қызған шағында Сырдария ауданына қарасты «Бірінші Май» совхозының шопаны Қайролла Қосекевтің отбасында дүниеге келген ол Орджоникидзе атындағы №40 қазақ орта мектебін бітірді. Еңбек жолын 1961 жылы колхозда малшы болып істеген әкесі мен ағасының қасында механизатор болып бастады.

Қорғанбек Қайроллаевтің анасынан ерте айырылып, еңбекке араласты. Соғыстан кейінгі ауыр жылдардың бейнетін басынан өткерді. Сондықтан білімге құштар болды, үнемі танымын кеңейтуге талпынды. Осы ұмтылысы оның өзін-өзі дамытуына, интеллектуалдық тұрғыда өсуіне, тұлға болып қалыптасуына ықпал етті. Тумысынан жігерлі, ардың жүгін арқалап, адамдықтан аттамаған жан осылайша өмірдің барлық кедергілері мен қиындықтарын жеңді.

Ол 1962-1965 жылдары Германиядағы Кеңес әскері қатарында мерзімді әскери борышын өтеп, 1965-1967 жылдары Қызылорда локомотив депосында слесарь-дизельші, тепловоз машинисінің көмешісі болды. 1967-1972 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінде оқыды. Университетті бітіргеннен кейін бірнеше ай Целиноград облысы Қорғалжың аудандық атқару комитетінде нұсқаушы, одан кейін үш жыл Қызылорда облыстық атқару комитетінде заңгер-кеңесші болып жұмыс істеді. 1975-1981 жылдары облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, 1981-1986 жылдары бөлім меңгерушісі, 1986-1989 жылдары облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі, 1989-1992 жылдары облыстық кеңес төрағасының орынбасары, 1992-1994 жылдары халық депутаттары облыстық кеңесінің төрағасы, 1994-1995 жылдары облыс әкімшілігі басшысының орынбасары, 1995-1996 жылдары облыс әкімінің кеңесшісі, 1996 жылдан зейнетке шыққанға дейін облыстық тетенше жағдайлар басқармасының бастығы болды.

Қорғанбек Қайроллаевті қай жерде, қандай қызметте жүрсе де өзінің адалдығымен, жұмысына жауапкершілікпен қарайтын іскерлігімен, кәсіби көзқарасымен ерекшеленді. Ол өзі басқаратын салаларды жетік біліп, қолға алған мәселелерді шешуде сауаттылық танытты. Көзбояушылық, жалған сыйайылық, басшыға жағыну сияқты нәрселер жанына жат. Егер өз пікірін дұрыс санаса, жоғары тұрған шенеуніктердің лауазымы мен дәрежесіне қарамастан, ұстанымын қорғайды. Тәртіп пен тиянақтылықты жақсы көрді. Үнемі білімін жетілдіріп, іскерлік қабілетін шыңдады. Біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, запастағы офицерлерді дайындау жанындағы қатысты. 1986 жылы Мәскеудегі КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын бітірді. Оған дейін Новосібірде командирлер дайындайтын екі айлық офицерлік дайындықтан өткен болатын.

Қорғанбек Қайроллаевтің алғаш осыдан 43 жыл бұрын, 1980 жылы маусым айында облыстық партия комитетіне нұсқаушы болып қабылданған кезде таныстым. Төртінші қабаттағы кабинеттерде көрші отырдық. Ол Жарылқасын Сейтімовпен бір кабинетте, сауда, қаржы және әкімшілік органдар бөлімінің нұсқаушысы болды. Бөлімге келушілер көп, халық арыз-шағымдарымен, әділдік сұрап жиі жүгінетін. Келушілердің талап-тілегі әділ болса, Қайроллаевтан үнемі қолдау табады.

Партия органының қабырғасында осы кісілерден, басқа да нұсқаушылардан көп нәрсе үйрендім. Сол кезеңде олар үлкен мектептен өткен, тәжірибелі мамандар еді. Мені партия жұмысының қыр-сырына қанықтырды. Ұжымдағы Әлі Мүсілімов, Исатай Елубаев, Қорғанбек Қайроллаев, Жарылқасын Сейтімов, Әділбек Айымбетов, Сәбит Мәдібеков, Бақыт Ермақашев сынды аға буын өкілдері іс қағаздарын дұрыс жазу, олардың орындауын бақылауды қамтамасыз ету, т.б. жұмыс тәжірибелерін бөлісті. Олардың бізге, яғни жас буынға деген осындай қамқорлығы мен тәлімгерлігі ұжымға еш қиналмай қосылуға мүмкіндік берді.

Қ.Қайроллаев партиялық органдардағы қызметін бейбіт өмірдің бағасын білетін Ұлы Отан соғысының ардагерлері облысқа жетекшілік еткен кезде бастады. И.Әбдікәрімов бірінші хатшы болып тұрғанда облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болып бекітіліп, одан кейін Т.Есет-

өттің қарамағында жұмысын жалғастырды. Екеуі де – 30-жылдардың аштығын, екінші дүниежүзілік соғыстың сұрапыл күндерінің отжалынын басынан өткерген бұрынғы майдангерлер. Оның сол жылдардағы тікелей басшылары Ғ.Мұхамеджанов пен Н.Подольский болды. Ғ.Мұхамеджанов Ұлы Отан соғысының қатысушысы болса, Николай Артемович өткен ғасырдың 80-жылдарында өзінің интернационалдық борышын өтеп, Ауғанстанда кеңесші қызметін атқарған.

Сол жылдары бөлім жетекшілік ететін әкімшілік органдарда өз саласының білгірлері, бұрынғы майдангерлер, КСРО-ның құрметті қауіпсіздік қызметкері Қозыке Бишімбаев, МҚК бастығы, Қазақстанның еңбек сіңірген заңгері Калиола Ботабаев, әділет басқармасының бастығы Жұматай Ерімбетов, облыстық соттың төрағасы, ІІМ үздігі Алтыбай Сағымбаев, сондай-ақ облыстық ІІД-нің бастықтары, генералдар Біләл Омаров, Есен Демесінов, полковник Асхат Бүркітбаев, облыс прокуроры Орыналы Боранбаев қызмет атқарды.

Осындай біртұар тұлғалармен бірге жұмыс істеу Қайроллаевқа үлкен мектеп болды. 1981 жылы 24 сәуірде облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Т.Есет-өттің жетекшілігімен өткен об-

Қорғанбек Қайроллаевті қай жерде, қандай қызметте жүрсе де өзінің адалдығымен, жұмысына жауапкершілікпен қарайтын іскерлігімен, кәсіби көзқарасымен ерекшеленді. Ол өзі басқаратын салаларды жетік біліп, қолға алған мәселелерді шешуде сауаттылық танытты. Көзбояушылық, жалған сыйайылық, басшыға жағыну сияқты нәрселер жанына жат. Егер өз пікірін дұрыс санаса, жоғары тұрған шенеуніктердің лауазымы мен дәрежесіне қарамастан, ұстанымын қорғайды. Тәртіп пен тиянақтылықты жақсы көрді. Үнемі білімін жетілдіріп, іскерлік қабілетін шыңдады. Біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, запастағы офицерлерді дайындау жанындағы қатысты. 1986 жылы Мәскеудегі КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын бітірді. Оған дейін Новосібірде командирлер дайындайтын екі айлық офицерлік дайындықтан өткен болатын.

Облыстық партия комитетінің екінші пленумында Қорғанбек Қайроллаевтің әкімшілік органдар бөліміне меңгеруші болып бекітілді. Әдетте, облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушілері бекітілгенге дейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде әңгімелесуден өтуге міндеттеледі. Осы үрдістен Қ.Қайроллаев та тыс қалған жоқ. Алматыда әңгімелесуден өтіп келді. Ұшақтан түсе сала пленумға беттеді. Облыстық комитет пленумының мүшелері 38 жастағы жаңа меңгерушісі бір ауыздан сайлады. Сол кезеңнің өлшемін алғанда ол облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушілері арасында ең жас басшы атанған еді.

Әлі есімде, жұма күні болатын. Ауа райы ыстық еді. Жеміс ағаштары көктеп, айнала гүлдеп жатыр. Қорғанбек Қайроллаевтың әріптестері, сол кездегі облыстық партия комитетінің нұсқаушылары кешке Чайковский көшесіндегі пәтеріне айтулы оқиғаға орай жиналды. Қарипа жеңгей дайындаған мерекелік дастарханда құттықтаулар, жарасты әзілдер айтылып, ән шықалды. Достардан бөлек жақын туыстар да болды.

Көңілді жиын түн ортасына дейін созылды. Қатарымыздан бірінші бөлім меңгерушісінің шыққанына қуандық. Өзімізше: «Сең бұзылды!» деп әзілдеп қоямыз. Расында да, көп ұзамай тағы бірнеше әріптесіміз (В.Ковалев, Р.Мусафинова, Т.Рамазанов) бөлім басшысы болып бекітілді. Кейбірі өңірлерге жұмыс істеуге жіберілді, ал А.Айымбетов, А.Әбенев, А.Молдашев облыстық кәсіпорындар мен басқармаларды басқарды.

Қ.Қайроллаевтың алдында ауқымды істер тұрды. Құқықтық тәртіпті нығайту, облыстың құқық қорғау органдарын адал да ар-ожданы биік кадрлармен толықтыруда атқарулар жұмыс аз емес еді. Оның бастамасымен облыстық партия комитетінің пленумы өтіп, облыстағы қылмыстық ахуалды жақсартудың ауқымды бағдарламасы белгіленді. Әкімшілік органдар бөлімі басшының ұсынысымен дербес бөлім болды. Құрамына құқық қорғау органдарының жас қызметкерлері,

прокуратура қызметкерлері Серік Нұржанов пен Төлепберген Нәбиев, ішкі істер органдарының капитаны Ержігіт Құлтаев кірді. Кейіннен осы мемлекеттік мекемеде Қорғанбек Қайроллаевтың тәлім-тәрбиесі алғандар облыстың құқық қорғау органдарында дербес қызметке көтерілді. Нәбиев көлік прокуроры, кейін облыстық әділет басқармасының бастығы, Нұржанов аудан прокуроры, Құлтаев аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің орынбасары болды.

Дәл осы жылдары партияның шешімімен және сол кездегі Орталық Комитеттің Бас хатшысы Ю.Андроповтың тапсырмасымен ішкі істер органдарының кадрлық құрамын нығайту мақсатында партия қызметкерлері жіберілді. Облыстық партия комитетінен С.Константин пен О.Сапарбаев облыстық ішкі істер басқармасының орынбасары болып тағайындалды. Сонымен қатар, Е.Айтұманов қалалық ішкі істер бөлімінің орынбасары, Ю.Койлибаев облыстық ішкі істер бас-

қармасының бөлім бастығы болды. Сондай-ақ, ішкі істер органдарына партия жолдамасымен Е.Назарқұлов, М.Қошманов, К.Суханов, М.Есенов, тағы басқалар да келді. Мұнда келмес бұрын (облыстық, аудандық деңгейдегі қызметкерлер) әңгімелесуден, облыстық партия комитетінің бөлімінде тағлымдамдан, облыстық партия комитетінің бюросына ұсынылғандар бұрын Қорғанбек ағаның алдынан өтетін.

Ол кітапты жақсы оқыды. Үйінде үлкен кітапханасы бар. Қазақ жазушыларына, классиктерге, ақындарға ерекше басымдық береді. «Жұлдыз», «Жалын» журналдарында, «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған соңғы әдеби жаңалықтардан үнемі хабардар. Тағылымды әңгімелерді, кітаптан алынған ойларды, ақсақалдардың әңгімелерін қызықты етіп айтып береді.

Сол жылдары тәртіпті нығайту бағытында көп жұмыс атқарылды. Бірқатар жоғары лауазымды тұлғалар ақша жымқырып, мемлекетке зиян келтіргені үшін сотталып, ауыр жазаға тартылды. Басқа да келеңсіз құбылыстардың барлығымен күрес күшейтілді. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің номенклатурасына енген 200-ден астам басшының 1981-1986 жылдары қызмет бабын асыра пайдаланғаны үшін қызметінен шеттетілгенін айтсақ та жеткілікті. Көпшілігі партиядан шығарылып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Сол уақытта Орталық Азиядан (Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан) және Қазақстаннан облыстық прокуратураның аға тергеушісі Жасарал Жұмашевты республикалық прокуратура КСРО Бас прокуратурасының арнайы тапсырмасын орындау үшін Мәскеуге жіберген. Ол Кеңес Одағының тарихындағы ең ірі сыбайлас жемқорлық істі Өзбекстандағы билікті теріс пайдалану, пара алу және т.б. тергеуге көмектесті. Оның 1983-1985 жылдардағы тергеу объектілері Рязань (РКФСР), Хорезм және Қашқадария (Өзбекстан) облыстарында орналасқан кәсіпорындар мен олардың басшылығы (директорлар, бас бухгалтерлер, ба-

қылау бөлімшелерінің бастықтары және т.б.) болды.

Сол жылдары Арал ауданы прокуратурасының қызметкері Мырзамұрат Имандосов Өзбекстанның тергеу тобына жіберіліп, тергеу объектілері Қарақалпақ Республикасындағы осыған ұқсас істер болған.

Осы тергеу топтарына аймақ прокуратурасы қызметкерлерінің қосылуы Сыр елінің құқық қорғау органдарына артылған зор сенім еді. Бұған Қорғанбек Қайроллаевтың сіңірген еңбегі зор болды.

Оның өзін-өзі ұстай білетіні, жұмыстағы кәсібилігі қарамағындағы қызметкерлерін де, әріптестерін де тәнтті етті. Маңызды мәселелерде қатал әрі турашыл, әділ болды. Оның басты қағидасы – тек шындықты айту. Қарамағындағыларға үнемі «Қандай ауыр болса да, шындықты басқалардан емес, сендерден естігенім жақсы. Әсірелемей, кемшілікті жасырып-жаппай, шындығын айтыңдар» дейді. Өзі де ешкімнің лауазымы мен тұлғасына қарамастан, орталық және жоғары мемлекеттік органдардың қызметіндегі кемшіліктерді ашық айтты.

Сол кездегі Орталық Комитеттің мүшесі, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Е.Әуелбековті бағыт, ашық сынаған адамның бірі Қ.Қайроллаев десем, қателеспесім анық. Ол 1988 жылы желтоқсанда өткен XXIV облыстық партия конференциясында сөйлеген сөзінде соңғы жылдары Торғайдан, басқа да облыстардан кадрлардың ағылып келіп жатқанын қатты сыға алды: «Мен келген жолдастардың саяси және іскерлік қасиеттеріне күмәндану деген ойдан алыспын. Мүмкін шыныммен де лайықты, тәжірибелі жолдастар, шын мәнінде қайта құруды алға сүйрейтін шығар. Жағдайды жанартып, сергіту үшін кадр ротациясының қажеттігін де түсінемін. Бірақ мұның барлығының да ақылға қонымды шегі болуы керек, ротация жергілікті кадрларды сырттан келген кадрлармен жаппай ауыстыруды білдірмейді» деді.

Конференция делегаттарының бірі жақтап, оны облыстық партия комитетіне мүшелікке сайлауды ұсынды. Ұсыныс иесі Қ.Қайроллаевты облыстық партия комитетінде жұмыс істеген кезден білетін В.Андреев болатын. Конференция делегаттары бұл ұсынысты қолдап,

қалған. Облыстық атқару комитетінің кейбір қызметкерлері оны көріп те үлгермеген.

Алайда, сол жылдардағы кадр саясатындағы олықлықтар Е.Әуелбеков сынды тұлғаның еңбегін еш кемітпей, керісінше биіктеу түседі. Қорғанбек Қайроллаевты айтқандай: «Өңірде болып жатқан өзгерістерді, әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысынан да, партиялық-мемлекеттік тәртіпті нығайту тұрғысынан да оның сіңірген еңбегіне жатқызуға болады. Ол партияда үлкен беделге ие».

Оның адалдығы мен әділдігі теріс көріністермен күресуге ғана емес, заңсыз қудалауға және жұмыстан қуылған адамдарға қатысты әділеттілік орнатуға да ықпал етті. Бірнеше жылдан кейін Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, кейін полиция полковнигі шеніне дейін көтерілген полиция майоры Ерболат Жүсіповтің ішкі істер органдарына қайта қызметке алынғаны есімде. Мұндай мысалдар өте көп.

Облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде басшы, халық депутаттары облыстық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған уақытта халықтың әлеуметтік әлауатын жақсартуға көп күш жұмсады. КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Арал маңындағы экологиялық-санитариялық жағдайды түбегейлі жақсарту, пайдалану тиімділігін арттыру және оның бассейніндегі су және жер ресурстарын қорғауды күшейту шаралары туралы» қаулысын, «Арал өңіріндегі экологиялық апаттан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңын қабылдаудың бастамашыларының қатарында болды. Бірінші нормативтік акт КСРО-ның жойылуына байланысты ұмытылса, екінші акт осы күнге дейін халық игілігіне қызмет етіп келеді.

Ол кітапты жақсы оқыды. Үйінде үлкен кітапханасы бар. Қазақ жазушыларына, классиктерге, ақындарға ерекше басымдық береді. «Жұлдыз», «Жалын» журналдарында, «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған соңғы әдеби жаңалықтардан үнемі хабардар. Тағылымды әңгімелерді, кітаптан алынған ойларды, ақсақалдардың әңгімелерін қызықты етіп айтып береді.

Бірақ құжаттар мен ресми сөздерге келгенде, өте нақты да қысқа сөйлейді. Бірден мәселенің мәніне көшеді. Бұл – оның жоғары кәсібилігі мен сауаттылығының көрінісі. Қызметкерлеріне үнемі ітіліптеп карап, оларды тәрбиелеп отырды. Оның басшылығымен еңбек жолын бастаған тұлғалар осын күнге дейін ел игілігіне адал қызмет етіп келеді. Олардың қатарында мемлекет қайраткерлері де бар.

Ресей Федерациясы Калининград қаласының тұрғыны В.Андреев:

«Қорғанбекпен облыстық партия комитетінде жұмыс істеп жүргенде таныстым. Кабинетіміз қатар болатын. Ол байсалды, жинақы, қасында отырған әріптесі Жарылқасын көңілді, жайдарлы жан еді. Әзілдеп, бізге күлкілі әңгімелер айтып беретін.

Мені таңғалдырғаны – оның еркін пайымы. Онысы кейде айналаныңдағылардың, жоғарыдағылардың пікірімен сәйкес келмейтін. Құқықтық сауатты адам. Партия мүшелерінің жеке істерін дайындаған кезде Қорғанбекке жиі жүгінетінбіз. Адам тағдыры шешіліп жатқанда заңның барлық қыр-сырын білу талап етілетін. Сондықтан оның кеңестері мен нұсқаулары әрқашан қажет және пайдалы болды.

Құқық қорғау органдары басшыларының арасында үлкен беделге ие болды. Облыстағы жалғыз генерал Біләл Омаровтың обкомға келіп, оны кейбір істерден хабардар еткенін жиі көрдім. Бұл – нағыз адал да әділ, ұстамы мен ұстанымы берік адамға тән қарым-қатынас.

Міне, осы қасиеттер К.Қайроллаевты облыстық партия комитетінің мүшелігіне ұсынуыма түрткі болды, ол үшін Арал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Б.Уәлиевтен «Сіз бүгінгі күннің қаһарманысыз!» деген баға алдым.

Оны мерейтойымен құттықтаймын! Зор денсаулық, барлық жақсылықтарды тілеймін!» дейді.

Қорғанбек Қайроллаевты – қай кезде де талапшыл, жігерлі жан. Зейнетке шыққаннан кейін де ел игілігі үшін еңбек етіп, уран өндіруші кәсіпорындардың бірінде жұмыс істеді. Қоғам өміріне белсенді араласты. Жастармен кездесулер өткізіп, тәрбие жұмыстарына атсалысты.

Өмірлік серігі Қарипа жеңгей екеуі төрт бала тәрбиелеп өсірді, немерелер сүйді. Кейінгі бірнеше жылда, індеттің салдарынан Қарипа жеңгей мен үлкен ұлы Серғазы бір-бірінен соң бірі дүниеден өтті. Қорғанбек Қайроллаевтың көңіл айта отырып, дүниеден өткен жеңгей мен Серғазының рухы шат болып, Алла панасына алыс демекпіз.

Мықты болыңыз, жүрегіңізді сақтаңыз, құрметті Қорғанбек Қайроллаевты! Мерейтой күнімізге, отбасыңыз бен жақын-жуығыңызға зор денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй тілеймін!

Кеңес МАХАМБЕТОВ,
зейнеткер,
Астана қаласы



ШАТТЫҚ ШУАҒЫНА БӨЛЕНГЕН ШАҒАР

Салтанатты іс-шарада бір-қатар азамат Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мұнан соң мерекелік шара концерттік бағдарламаға ұласты. Айтулы кештің қонақтары эстрада жұлдыздары Еркеш Хасен, Еңлік, Садралдин, Ақбота-Нұр және жергілікті өнерпаздар өнер көрсетіп, мерейлі мерекеге арнайы жазылған композитор Рамазан Таймановтың «Қазақтың Қызылордасы» әні орындалды.

Айта кетейік, Қала күніне арналған түрлі іс-шаралар бір ай

бойы ұйымдастырылды, әлеуметтік нысандар іске қосылды. Қос мерекемен қатар келген «Алтын дән-2023» салтанатты іс-шарасында еңбек озаттары марапатталып, ветеринария саласының қызметкерлеріне қызметтік көлік табысталды.

Жақында қала келбетіне көрік қосқан «Отбасы орталығы», «Анаға тағзым» орталығы пайдалануға берілді. Биыл облыс орталығында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Құны 36,4 млрд теңгені құрайтын нысан 2025 жылы аяқталады.

Сонымен қатар, облыстың медициналық ұйымдарын сапалы қан компоненттерімен қамтамасыз ету мақсатында «Қан орталығы» салынууда. Орталық келесі жылы пайдалануға берілімек. Облыста «Жайлы мектеп» жобасы аясында 21 мектептің құрылысы басталуда. Оның 8-і Қызылорда қаласында бой көтереді.

«Білімді қолдау қоры» есебінен құны 7,9 млрд теңгені құрайтын дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы мектеп-интернат құрылысы басталды. Биыл қалада 9 мектеп пайдалануға берілді.

Құны 3,7 млрд теңге болатын «Өнер орталығы» көрерменге

есігін айқара ашатын күн алыс емес.

Шаһардағы қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу мақсатында биыл 1,6 млрд теңге бөлінді. Өткен аптада 50 автобус жеткізілсе, қалғаны жыл соңына дейін қызметін бастайды.

Бүгінде аймағымызда демеушілікпен 37 млрд теңгенің жобалары жүзеге асуда. Оның басым бөлігі Қызылорда қаласында.

Маусым айынан бері облыс орталығында 28 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталып, 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары абаттандырылуда.

ӨНЕР

Тұма тарихы бар қазақ музыкасының бір саласы – өн өнері. Өнге деген сүйіспеншілік – қазақтың ұлттық қасиеті. Кәсіби білім алып өнші болуды, ұлтымыздың өнерін асқақтатып, еліне қызмет қылуды арман еткен жастар аймақтағы оқу орындарында оқып, кейін өлемнің үлкен сахналарында өнер көрсетіп жүр. Тыңдаушының көңілінен шығатын өуен орындау – өнердің биік көрсеткіші. Осы бір өнер тармағының ішінде операны өзіне сенімді жастар ғана таңдап жатады.

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»



Шеберлік тереңдіктен нәр алады

Әуелден опера – теориялық тұрғыда театр, поэзия, би, музыканы біріктіретін синтетикалық өнер түрі. Ал рухани жағынан алсақ, классикалық өнер нәмі адам жанының емшісі. Оны театр сахнасынан үздік қойылым тамашалағаннан бөрі сезіне алады. Бастысы, сахна теріне жоғары деңгейдегі дайындықтан өткен туындыны алып шығу керек. Сонда өмірінде бірінші рет операға барған адамның өзі міндетті түрде оған қайта оралатын болады.

Бізге бұл жайында бүгінгі кейіпкеріміз Нұрай Шалман айтып берді. Ол 2000 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледждің түлегі. Қасиетті өнер шаңырағында білім алған соң 2019 жылы Италияның Пезаро қаласында Дж.Россини атындағы консерваторияға «Вокалдық өнер» факультетіне оқуға түседі.

2021 жылы Модена қаласында Паваротти-Френи атындағы театрдың опералық студиясына қабылданады. Опера майталмандары, атақты Мариелла Девиа, Хосе Каррерас, Леоне Маджиерадан мастер класс алады. Биыл өлемге танымал Дж.Россини атындағы Пезаро қаласында өткен Россини опера фестиваліне қатысып, жоғары деңгейде өнер көрсетеді. Бұл – қазақтың бұлбұл қызының әлем сахналарын бағындырудағы алғашқы баспалдақтары.

– Опера – үлкен өнердің топтастырылған үлкен жанры. Ол музыка ғана емес, бүтін театр яғни, біртұтас драмалық қойылым. Ең алғаш опера XVI-XVII ғасырларда Италияда пайда болған. Италиялық композитор Клаудио Монтеверди операға құрделі ариялар, вокалдық ансамбльдер, хор ұжымы мен оркестр сүйемелін енгізеді. Ол үшін театрлар салынды, тез дамып, халықтың аңызы мен жырларының тарихын негізге алды. Басты рөлде орындаушы әншілер, балет артистері, хор ұжымы болды. Осындай тарихи мекенде білім алып, өнер жетілдіру мен үшін де бір мәртебе, – дейді Нұрай Мырзабайқызы.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бибигүл Төлегенова: «Сыр елінде опера рухына қызмет етуші жас өншілердің саны жылдан жылға көбейіп, өнерін жоғары дәрежеде дүние жүзінде паш етіп жүр. Талантты жас орындаушылар қатарымызға қосылып жатқандығы қуантады. Опера дамып, жас артистер халықаралық деңгейде өнер көрсетіп, классикалық өнге өзіндік үлесін қосқаны жан жырымыз деген еді. Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі «Ән салу» бөлімі ұстаздарының жас өншіні тәрбиелеуде өзіндік методикасының қалыптасқанын

еліміздің өнер майталмандары айтып жүр. Осы бөлімнің түлегі Нұрай да болашақта туған жерге ту тігіп, Сыр өнерінің беделін биіктеткісі келетінін жеткізді.

– «Қазір ел опера тыңдай ма? Театрға көбіне қандай адамдар келеді?» деген сауалдар маған жиі қойылады. Тыңдайды. Өйткені адамдар қай кезде де рухани нәр алуға мұқтаж. Сондықтан жан байлығын, биік өнерді іздеген адам опера зылынан табылады. Бес саусақ бірдей емес. Театр табалдырығын алғаш атағанда жанына азық ала алмайтын сапасыз спектакльге тап болса, қайта оралмауы мүмкін. Италиядағы театрда қойылымдар өте жоғары талғаммен, асқан дайындықпен сахнаға шығарылады. Сондықтан жыл өткен сайын көрермендеріміз көбейе түседі. Театрға келген адамдарды бөліп-жарып қарамаймыз, – деді Нұрай Шалман.

Өнер – өміртүзудің бір мектебі. Көркем, сұлу мектеп. Көпшіліктің қолы жете бермейтін, бірақ көрермен бола алатын, сол арқылы көңілі сезіп, жаны сусындайтын мектеп. Өнердің мазмұны шексіз болғанымен түбі ұлт қасиетіне табан тірейді. Ұлттың қызмет ету арқылы, яғни, елдің жан-дүниесін әсемдеу, ізгілендіру арқылы адамзат көшін көрікті етеді.

– Бала күнімен түрлі байқауға қатысып, өн айтуды жақсы көргенмен, опера өншісі болымы деп ешқашан ойлаған жоқпын. Инаят Жарылқанов ағаймыздың бағыттауымен операны жақсы көріп кеттім. Ұстазымның білімі шетелде оқуға түсуіме үлкен септігін тигізді. Тіл мәселесі, шетелде тұру, сырт жерде жалғыз өмір сүру қыз балаға ауыр. Бірақ жастар білім жолында ештеңеден қорықпаса екен деймін.

Осы тұста тағы бір мәселе айтқымыз келеді. Қалада жүзге жуық тойхана бар шығар. Сыртқы келбеті опера сарайына ұқсайтындары да жетерлік. Бірақ, бірде-бір опера театры жоқ. Біз жастар Қызылорда қаласынан опера театрын көргіміз келді. Жалпы Қазақстанда опера театры аз. Үш-ақ қалада бар. Әр шаһарда өнер сарайы болса, бұл көркем жанрды көрермендер жіті түсінер еді. Әрі оқу бітірген жастар қызмет желісін ашып, шөкірт тәрбиелеуге мүмкіндік алады, – дейді ол.

Расымен, өнер – адам баласының жасампаздығының дәлелі. Ол – сұлулықты сезіну, дүниенің гажайыбын түйсіну. Өнердегі нәзіктік пен шеберлік рухани тереңдіктен нәр алады. Таласбек аға: «Өнер деген – сұлулықта ояну» дейді, яғни опера өнері де – адам баласын біріктіретін, жанын әсемдейтін, кемелдендіретін жанр. Нұрайдың да бұл жолда жұлдызы жарық болып, өнері өрлей берсін деп тілейміз.

ҒАСЫРҒА бір қадам

Дәстүрге сай аймақтың жер-жерінде диқан тобы басталды. Оның үстіне биыл өңірде ерекше мерейтой бар. Газетіміздің әр санында насихатталып келетін облыстың құрылғанына – 85 жыл.

Архивті түртсең, әртүрлі қолжазбалар алдыңнан шығады. Өткеннің ешпес таңбасын байқайсың. Жоғарыда айтқандай, облыс құрылып, тарихын қаттағанда, өңірдегі 7 аудан соның жеті тарауы іспетті. Бірақ біз білетіндей, кейбір аудан орталықтарының құрылу уақыты тым әріде. Өйткені, оған құжаттар дәлел.

Қош, облыстың мерейтойымен тұспа-тұс келген аудандар мерейтойын қалай ұмытпамыз? Солардың қатарында төрт ауданға 95 жылдығы аясында тоқталуды жөн санадық.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Қазыналы ҚАЗАЛЫ

Осы жазда облыстың «Үлгілі елді мекен» байқауында жүлделілер қатарынан көрінген Қазалы ауданында 78 мыңға жуық халық бар. Ондағы тіршіліктің даму қарқыны жоғары. Жағымды жаңалық көп.

Иә, құрылғанына 95 жыл толған ауданның тарихы ілгеріде. Қала статусы бар Қазалының іргетасы 1853 жылы қаланды. Ал орта ғасырда Оғыз мемлекетінің астанасы болған Жанкент жері – облыс аумағында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштердің ең көрнектісі. Бұл топырақта Жалаңтөс пен Әйтеке, Жанқожа мен Ақтан, Ашабай мен Сырлыбай, Үмбет пен Ерімбет туған. Кеңестік кезеңде аудандан 6 Кеңес одағының бағыры, 5 Социалистік Еңбек ері шыққан.

Шығысында Қармақшы, оңтүстігінде Өзбекстан мемлекетімен, батысында айдынды Арал, солтүстігінде Қарағандымен шектесетін Қазалы егін және мал шаруашылығымен айналысады. «РЗА» АҚ, «Сыр маржаны», «Жалаңтөс батыр» ЖШС мен «Ақмаржан», «Мерей» сияқты көптеген шаруа қожа-лық табысты жұмыс істеуде.

Қазалыдан Ресей, Беларусь, Дания, Германия, Тәжікстан, Қытай, Нидерланд елдеріне өнім экспортталады. Бір мысал, былтыр аудандан 2823 тонна күріш, 557 тонна балық өнімдері, 614 тонна қамыс жөнелтілген. Қазалының қара қауыны да, «Қазалы» атымен бренд болып қалыптасқан кофе пен сабын да жұртқа жақсы таныс.

Ауданда 19 кәсіпорын өнім өндіру және қызмет көрсетумен айналысады. «РЗА» АҚ, «Қамқорлокомтив» ЖШС-ның «Қазалы локомотив жөндеу зауыты», «Қазалы вагон жөндеу депосы» филиалы, «ЛСІ-МК» ЖШС Қазалы филиалы, «Сыр маржаны», «Қазалы Жолшы» және «ҚазалыТеміржолшылу» серіктестіктері өз міндет-мүмкіндіктерін дұрыс атқарып келеді.

Қазалы халқы күріш өсірумен қатар, жер қарықтап, бақша

егеді. Биыл да 6500 гектарға жуық Сыр салысын сеуіп, суға бастырған. Ал жалпы егіс көлемі – 17347 гектар. Оның ішінде бақша дақылдарынан бөлек, арпа, бидай, малазықтық және картоп, көкөніс өсіреді.

Сондай-ақ ауданда төрт түлік басында өсім бар. Одан шығар өнім де ұлғайыпты. Мемлекет қолдауымен атақасіппен айналысқандардың жобалары қаржыландырылған. «Агробизнес», «Іскер» мемлекеттік бағдарламасымен бірнеше шаруашылық несие алып, мал басын көбейтіп жүр.

Қорқыт елі – ҚАРМАҚШЫ

Аумағы облыстың 13,7 пайызын алып жатқан Қармақшы ауданының басты кәсібі – ауыл шаруашылығы. Мал өсіреді, егін егеді. Әсіресе, соңғысымен тұрақты айналысатын елді мекені көп.

Жалпы аудан орталығынан бөлек, бір кент пен 12 ауылдық округ болса, басым көпшілігі күріш өсіріп отыр. Әрі сол дақылды Қазақстан ішінде ғана емес, сырт елге экспортқа шығарып келеді. Сондай-ақ бақша егіп, өз-өзін қамтып отырған жұрт екенін айтсақ дейміз. Өнімін өзіне де жаратып, жәрменкеге де шығаратын қармақшылық диқандар кейінгі үш-төрт жылда бұл кәсіпті жақсы дамытып жүр. Ал төрт түлікті өсіруге құлшыныс танытқандар тіпті баршылық.

Оқруттік партия комитетінің әкімшілік-территориялық жағынан Қызылорда, Қазалы уездеріне аудандастыру туралы 1928 жылғы сәуірдегі қаулысы бойынша сол жылы Қармақшы өз алдына жеке аудан болды. Құжат бойынша 1928 жылы құрылды десек те, ел тарихы тым тереңде. Ауданның атауы жайлы дерек XV ғасырдан бастау алады. Тарихшылар осылай дейді. Рухани құндылығы мол жердің киесін Шірік Рабат, Жетіасар, Қосқала, Баршынкент қалаларының орны, Қорқыт ата, Қармақшы ата, Марал баба, Сейтпембет баба мазарлары айқындап тұр.

Иә, дүниенің төрт бұрышы мен ғарыштық кеңістікті ұшастырып жатқан, түркі дүниесінің абызы, қасиетті Қорқыт баба мәңгілік қоныс тепкен, әулие-әмбиер мекені болған Қармақшы ауданынан бес Социалистік Еңбек Ері шықты. Қасымтай Ізтілеуов, Әділбек Хайруллаев, Сәліма Жұмабекова, Цай Ден Хак және Пак Чен Ир – халық шаруашылығының қарыштап дамуына өлшеусіз үлес қосқан еңбек ерлері.

Қармақшы жайын сөз еткенде аты елемге белгілі Байқоңыр қаласын елемей өтуге болмас. «Жер кіндігі – Байқоңыр» деп текке айтылмаған, ғарыш айлағы адамзат баласы үшін өткен ғасырдың теңдессіз жетістігі саналады. Ғарышкерлер қаласының іргетасы 1955 жылы қаланған.

Сыр дақылы – күріштен мол өнім жинап жүрген қармақшылық диқандар биыл да сол үдеден шығуды мақсат тұтқан. Биыл аудан диқандары күріш, жоңышқа, жаздық бидай, мақсары, күнбағыс, арпа, құмай сияқты дақылдарды мол тастап, әртараптандыру ісін кеңейткен.

Қармақшы – жүз жырауы жыр жүзкітеген өнер өлкесі. Спорт пен білім саласындағы жетістік аз емес. Сонымен қатар, ауданда жастар саясатын жандандыру, жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді, мазмұнды ұйымдастыру жұмысы жолға қойылған.

Шырайлы ШИЕЛІ

1928 жылдың қыркүйегінде құрылған Шиелі ауданының шығысында алты Алашқа белгілі ежелгі Сығанақ, Бестам, теріскейінде оңтүстікке иек артқан қарт Қаратау. Одан өрі Арқадан бастау алып, Шиелі жеріне келіп тірелетін Сарысу өзені. Таңбалы тас.

Талай тарихи оқиғаның куәсіндей болған «Телікүй» де осы өңірде. Батысы облыс орталығының шекарасына иектесе, түстігінде байырғы өлке – Қызылқұм.

Шиелі десек егінші, егінші десек даңғайыр диқан Ыбырай Жақаев еске түседі. Жалпы еңбек адамының дәріптелуі, оның ішінде осы аудандан 41 Еңбек ерінің шығуы жайдан-жай емес. Одан бөлек, М.Шоқай, Ш.Есенов, Н.Бекежанов, Ә.Тәжібаев сынды тұлғалардың шығуы – Шиелі жерінің тарлан саясаткер, даңғайыр диқан, зерделі ғалым, жезтаңдай әнші мен арқалы ақын тәрбиелеуде белгілі орын алатындығын дәлелдеп-ақ тұр.

Кейінгі жылдары ауданда кешенді құрылыстар, мектептер мен мәдениет үйлері, емхана мен спорт кешендері пайдалануға берілді, жаңа шағын аудандар ашылды. Заманауи технология негізінде түйе сүтінен шұбат, құрт шығаратын «Ару ана» кәсіпорны, жылына 1 млн 100 мың тонна цемент өндіретін «ГезубашиеліЦемент» зауыты сынды ірі жобалар жүзеге асты. Ақмая, Жуантөбе, Жөлек, Еңбекші, Тұран, Бидайкөл, Кербел елді мекендерінде спорттық-сауықтыру кешендері пайдалануға берілді. Шиелі кентінің қос бетін жалғайтын теміржол үстінен көпір салынып, кептеліс мәселесі шешілді.

Жаңарған ЖАҢАҚОРҒАН

Оңтүстіктегі іргелі ауданның бірі – Жаңақорған 1928 жылы құрылған. 95 жылдық тарихында талай даму жолынан өткен ауданның кейінгі жылдары соны жаңалықтары жоқ емес. 17 ұлттың басын біріктірген мұнда 2 кент пен 24 ауылдық округ бар. Жергілікті халық мал өсіреді, егін егеді.

Өндіріс орындары да жетерлік. «Шалқия» кен орнында қорғасын, мырыш және әртүрлі фракцияда қиыршық тас өндіретін кәсіпорындар жұмыс істейді.

Әдетте, бұл аудан жайлы айтсақ, 1918 жылы негізі қаланған «Жаңақорған» шипажайы еске түсері анық. Әйгілі «Теріскен» көлінің табиғи кара балшығы мен минералды суы сүйек-буын және жүйке жүйесінің ауруларын, сондай-ақ ішкі ағзаны емдейтін қасиеті жоғары. Ал ерте заманда бүкіл қазақ елінің басты қалалары болған Сығанақ, Өзгент, Баршынкент шаһарлары және Хорасан ата, Ақтас мешіті мен Айқожа әулие кесенелері осы ауданда орналасқан.

Биыл 36777 гектар жерге егін еккен жаңақорғандықтар нәтижесі жаман емес. Ауданда 485 шаруашылық құрылымы егін шаруашылығымен айналысады. Оның ішінде 175 шаруашылық күріш өсіріп келеді, сондай-ақ ауданда мал басында өсім бар. Әсіресе, ірі қара саны артқан.

Жаңақорған табиғи қазба байлықтары, яғни, уран, әктас және полиметалл кендерінің молдығымен ерекшеленеді. Кен өндіру саласында 10 мекеле болса, оның екеуі шетелдіктердің қатысуымен уран өндіреді. Ал жалпы ауданда 25 орта және шағын кәсіпорын тұрақты жұмыс істеуде. Мысалы, құрылыс материалдарын өндіруші кәсіпорындар әртүрлі фракциялы қиыршық тас, құмды тас қоспасы, доломит, әк, т.б құрылысқа қажетті заттарды шығарумен айналысады. Олардың қатарында «Управление автомобильных дорог» ЖШС, «ҚДСМ Қыран» ЖШС, «Сарман Тастақ Жаңақорған» ЖШС, «Премимум Класс-Строй» ЖШС және «Қуат Әк» ЖШС сынды т.б. өндіріс орындары бар.